

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**  
**ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ**  
**«ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ АҚПАРАТТЫҚ –ТАЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ»**  
**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСПОРНЫ**

УДК 551.588.7(574)

№ О.0411Мемлекеттік тіркеу

БЕКІТЕМІН

Қазақстан Республикасы Қоршаған  
ортаны қорғаудың вице-министрі

\_\_\_\_\_ М.Ә. Тұрмағамбетов

2010 ж. « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

«Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету» 001  
Бағдарламасының

**ЕСЕБІ**

Басқа да қызметте мен жұмыстар» 149 ерекшелігі

тақырыбы:

**«2009 ЖЫЛЫ ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ТАСЫМАЛДАУ  
МЕН ЖОЮДЫ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚАУІПТІ  
ДЕП ТАБЫЛҒАН ҚАЛДЫҚТАР ЖӨНІНДЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БАЯНДАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ ТУРАЛЫ»**

«ҚОҚ АТО» РМК Бас директордың м.а.

О. А. Сыздықов

Астана 2010

## ОРЫНДАУШЫЛАР ТІЗІМІ

Жауапты Орындаушы, ҚР ҚОҚМ «ҚОҚ АТО» РМК Бас директорының орынбасары Биология ғылымдарының кандидаты, (Мемлекеттік лицензия №01240Р 25.07.2007 ж. «Табиғатты қорғауды жобалау, нормалау, экологиялық сараптама)	Л. В. Шабанова
Жауапты орындаушы Химия ғылымдарының кандидаты	К. Н.Оразалина
Заңгер	Қ.Б. Ибраева
Орындаушы, Ғылым және кадрлардың біліктілігін арттыру бөлімінің бастығы	А. Е.Жүсіпов
Орындаушы, бас маман	Ж. К. Серғазина

## РЕФЕРАТ

Есеп 165 бет, 16 кесте

БАЗЕЛЬ КОНВЕНЦИЯСЫ, ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ТАСЫМАЛДАУ, ҚАУІПТІ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚАЛДЫҚТАР, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТ, ӨНЕРКӘСІП, ТАБИҒАТ РЕСУРСТАРЫ, ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАР, ТЕХНОГЕНДІ МИНЕРАЛДЫ ТҮЗІНДІЛЕР, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДЕР.

**Зерттеу нысаны** - 2009 жылы республика бойынша қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды бақылау және оларды жою.

**Жұмыс мақсаты** - Қазақстан Республикасында қауіпті деп танылған қалдықтар бойынша шолу, және қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау тасымалдауды бақылау туралы Базель конференциясының 13 және 16 бабтардың орындалуы бойынша 2009 жылға арналған Қазақстан Республикасының баяндамаларын әзірлеу.

Зерттеу процесінде ҚР ведомстволар, мемлекеттік және өзге де мекемелерінен алынған жинақтау, өңдеу, жүйелеу және ҚР өндіріс және тұтыну қалдықтары туралы мәліметтерге талдау жасалды.

## **МАЗМҰНЫ**

КІРІСПЕ	7
1. БАЗЕЛЬ КОНВЕНЦИЯСЫ ХАТШЫЛЫҒЫНЫҢ БАСҚАРУШЫ ҚҰЖАТТАРЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ	8
2. ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ТАСЫМАЛДАУ МЕН ОЛАРДЫ ЖОЮ ТУРАЛЫ ҚР ЗАҢДЫЛЫҒЫ МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ	23
3. 2009 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДА ҚАЛДЫҚТАРДЫ ШЫҒАРУ МЕН ПАЙДАЛАНУЫН МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ЖАҒДАЙЫ	27
3.1. Қалдықтарды басқару сұрақтары бойынша нормативтік база	27
3.2. Қазақстанда 2009 жылы қалдықтарды екінші рет пайдалану бойынша деректердің талдауы	28
3.2.1 Медициналық қалдықтарды басқару сұрағының жағдайы	28
3.2.2 Ауылшаруашылық қалдықтарды басқару сұрағының жағдайы	30
3.2.3 Қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару сұрағының жағдайы	32
4. ҚАЗАҚСТАНДА ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУДЫ ДАМУЫН КЕЛЕШЕГІ	38
5. 2009 ЖЫЛҒЫ ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ОРЫН АУЫСТЫРУЫНЫҢ ТАЛДАУЫ	40
ҚОРЫТЫНДЫ	41
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	42
А ҚОСЫМША	46
В ҚОСЫМША	64
С ҚОСЫМША	111
Д ҚОСЫМША	140

## Қысқартылған сөздердің тізімі

Базель конвенциясы	Қауіпті қалдықтар және оларды алудың трансшекаралық тасымалдауын бақылау жөніндегі Конвенция;
қалдықтар	Өндіріс пен пайдалану үрдісінде шикізаттардың, материалдардың, басқа да өнімдер мен азық-түліктердің қалдықтары, сондай-ақ өздерінің пайдалану қасиеттерін жоғалтқан тауарлар (өнімдер);
ТМТ	техногендік минералды түзілімдер;
ҚТҚ	қатты тұрмыстық қалдықтар;
ТОЛ	табанды органикалық ластанулар
Комитет	Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің экологиялық реттеу және бақылау Комитеті
Экологиялық кодекс	Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі
МК	жер қойнаулары мемлекеттік қорын есепке алу Мемлекеттік кадастрі
БАЖ	қоршаған ортаны қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі;
ЕО	Еуропалық қоғамдастық;
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достығы
ТМД ПАА	Тәуелсіз Мемлекеттер Достығына қатысушы мемлекеттердің парламент аралық Ассамблеясы;
ӘН	Әдістемелік нұсқау;
ҚР ҚОҚМ	Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау Министрлігі
PCB/PCT	
CEN	Стандартизациялау жөніндегі Еуропалық комитеті
EN	еуропалық стандарт
BSE	«сиыр жындануы»
Duales System («Дуальная система»)	қалдықтарды сату орамаларын қабылдау мен рециклингтеу жөніндегі міндеттерді фирмалардың келісім шарт негізінде орындауы;
АШК	Ауыл шаруашылық кешені;
ЖСҚ	жобалық-сметалық құжат;
ММ	Мемлекеттік мекеме
АИШК	«ампульді» ион шығарушы көз

## **КІРІСПЕ**

Қазақстан Республикасы қауіпті қалдықтар және оларды алудың трансшекаралық тасымалдауын бақылау жөніндегі Конвенцияға Қазақстан Республикасының Конвенцияға қосылу туралы 10.02.2001 ж. № 389-ІІ Заңымен қосылды.

Конвенцияның негізгі жағдайларына сәйкес Қазақстан өндірістік қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды экологиялық қауіпсіз және тиімді әдістерді енгізу арқылы басқару, экологиялық негізделген, аз қалдықты технологияларды меңгеру, өндіріс қалдықтарын тиімді пайдалану әдістерін жасау арқылы минимумға дейін қысқарту жөнінде міндеттеме алды.

Сонымен бірге, Қазақстан Конвенция Секретариатын қауіпті қалдықтар деп қаралатын қалдықтар туралы, қауіпті және басқа да қалдықтарды сыртқа шығаруға тиым салу және/немесе шектеу туралы шешімдер жөнінен ақпараттап отыруға міндетті. Одан басқа, жыл сайын секретариатқа трансшекаралық тасымалдау, экспорт және импорт көлемдері, Конвенцияны орындау жөнінде жасалған шаралар, трансшекаралық тасымалдау және алу кезінде болған апаттар туралы ақпарат беріп тұруға, қауіпті және басқа да қалдықтарды өндіруді минимумға жеткізу шараларын қабылдауға, оларды алатын объектілермен қамтамасыз етуге міндетті.

Жыл сайынғы ұлттық есеп «Ақпарат беру» бойынша сұраулыққа сәйкес (Базель конвенциясының 13 және 16 баптарына сәйкес) жасалып, Базель конвенциясының қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды алуды қадағалаушы Хатшылығымен беріледі.

2009 жылғы ҚР ұлттық баяндамасын әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасындағы қалдықтарды басқару жөніндегі бар барлық ақпарат, сонымен қатар қалдықтарды басқаруды талқылау туралы өткізілген жиылыстар мен семинарлардың және т.б. материалдары жиналып, талқыланды.

Қазақстанның Базель конвенциясы бойынша алған міндеттерінің негізгі талдауы Министрліктегі өткізіліп отырған жұмыстарды 2009 жылы конвенция хатшылығымен даярланған Базель конвенциясы тараптарының ұлттық есеп беруін жетілдіру жөніндегі Басшылық құжат талаптарымен салыстыруға негізделді.

Конвенция Хатшылығы көптеген мемлекеттердің құзіретті органдары елге енгізілген немесе шығарылған қауіпті қалдықтардың түрі мен көлемі жөнінде және оларға қандай басшылық жасау керектігі жөнінде нақты білмейтінін атап көрсетті. Нақты және жан-жақты ақпараттың болмауы мемлекеттік және әкімшілік биліктің ақпаратталуы шектеулі екенін көрсетеді.

Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау мен жоюдың 2009 жылғы есебінде көрсетілген жұмыстарды талдау Базель конвенциясы бойынша ұлттық есепті әзірлеу әдістемелігін жетілдіру мақсатында, Министрлік тарапынан қолданыстағы тәжірибені қайта қарап, көрсетілген мәселе бойынша үнемі мониторинг жүргізу шараларын дереу қолға алу керек.

# **1. БАЗЕЛЬ КОНВЕНЦИЯСЫ ХАТШЫЛЫҒЫНЫҢ БАСШЫЛЫҚ ҚҰЖАТТАРЫН ҚЫСҚАША ШОЛУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДА ОЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫ**

1989 жылы қол қойылып, 1992 жылы күшіне енген қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау мен алуды бақылау туралы Базель Конвенциясы өндірістік қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды экологиялық қауіпсіз және тиімді әдістермен басқару арқылы қысқартуды өзінің мақсаты етіп қояды. 2002 жылы тараптар саны 152-ден 2009 жылы 172 дейін өсті, бұл қауіпті қалдықтарды реттеуге көқарастың үнемі және өсіп отырғанын көрсетеді.

Базель конвенциясының бақылау жүйесі негізіне ақпараттармен алмасудың жете рәсімдері енгізілген.

Бұл контексте Базель конвенциясы халықаралық қоғамдастықтың әлемдік экологиялық мәселелерді ұжымдық негізде шешіге ниет қояды. Халықаралық қоғамдастық үшін қауіпті және улы қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау мен оларды алу туралы олардың дайындаған халықаралық-құқықтық нормалардың әлемдік жүйесі орындалатын және сондықтан да тиімді болатын деңгейге жету маңызды. Қазіргі жағдайда мемлекеттердің міндеттерін орындау бойынша арнайлы шаралардың рөлі өсіп отыр, олардың ішінде аса маңызды орын алатын бақылау институттары. Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды халықаралық бақылау әмбебап көзқарастар, сол сияқты аймақтық ұйымдар мүдделері салаларына да енгізілген (Еуропалық одақ, Еуропа Кеңесі, ЕҚЫҰС, ЭЫДҰ, БАЭ, ЕЭК, америкалық мемлекеттер Ұйымы және т.б)

Базель конвенциясы тараптары (бұдан әрі -КТ) халықаралық, сондай-ақ ұлттық деңгейде қауіпті қалдықтардың қозғалысы мен оларды жоюды басқаратын ережелерді, рәсімдерді, жаңа нормаларды заң көлемінде үнемі жаңартып, беріп отырады. 2009 жылы Хатшылықпен Базель конвенциясы тараптарының ұлттық есеп беру жөніндегі Тараптар Конференциясының Басшылық құжаты әзірленді.

Сонымен қатар Базель конвенциясының КТ-ның жыл сайын шығаратын басшылық құжаттарында қол қойған елдер мен оны жасауға бел қойған елдер үшін конвенцияның жағдайлары түсіндіріліп отырылады. Бұл, Конвенция Қосымшасында Базель конвенциясы регламенттеген қалдықтардың тиянақты сыйпаттамасы берілсе де, «қауіпті қалдықтар» анықтамасы әр елде бүгінге дейін әртүрлі талқыланатынына байланысты.

Осы контексте КТ қалдықтарды шығаратын, қолданатын, жоятын субъектілер назарына елдік дейгейде Конвенцияда мазмұндалған «қауіпті қалдықтар» анықтамасының негізі мағынасын жеткізуді ұсынады.



Осымен бірге, конвенция Қосымшасында көрсетілген қалдықтардың кодтық белгілері Базель конвенциясы бойынша жасалатын жыл сайынғы ұлттық есептің негізгі көрсеткіштері екенін баса қарау керек.

Мысалы, I қосымшада қалдықтар тобы берілген (дәрігерлік баптау, фармацевтік заттарды өдіру, фотохимикаттарды шығару мен пайдалану және т.б. нәтижесінде алынған қалдықтар); олар YI-YI8 кодымен берілген) және құрамында нақты компоненттер бар (мысалы, кадмий, мыс, мышьяк және т.б., олар YI9- Y45 кодпен сыныпталған). Барлық қалдықтарға оларды идентификациялауды жеңілдету үшін кодтар берілген. Бұл кодтарды шекарадан өткізілетін қалдықтардың тиенділерін алып жүретін барлық құжаттарда пайдаланылуы керек.

III қосымшада әлеуетті әсер төндіретін, аса қауіпті заттар, қоспалардың сыйпаттамасы берілген. Мұндай сыйпаттамаларға мысалы, жарылғыштық, өрт қаупі бар, тез тұтанатын немесе улы газ шығаратын және т.б. жатады, оларға H1-H13 коды берілген. Егер де, I қосымшада көрсетілген қалдықтарда III қосымшада көрсетілген сыйпаттамалардың бірі де болмаса, онда бұл қалдықтар Базель конвенциясының регламенттеген жағдайларына жатпайды, бірақ олар төменде айтылатын (в) тармағына жатуы мүмкін.

Және де, 1 (в) тармағы «қауіпті қалдықтар» болып:

- «а» тармағына кірмеген, бірақ Тарап болып табылатын, экспорттайтын, импорттайтын, өткізетін мемлекеттің ішкі заңдылығына сәйкес қауіпті деп саналатын немесе анықталған қалдықтар саналады.

Бұл экспорттайтын, импорттайтын, өткізетін мемлекеттерге қатысты. Айтылған сыйпаттағы қалдықтар мүдделі мемлекеттің ұлттық заңнамасына **енгізілуі керек.**

**Конвенцияның 3 бабына байланысты Қазақстан I және III қосымшаларға енгізілген қалдықтардан басқасын, ұлттық заңнамаға енгізу үшін қандай қауіпті екенін қарап немесе анықтауы және мерзімінде Хатшылықты ақпараттап отыруы керек.**

Қазақстанға қатысты іс-әрекетте болатын басқа тараптардың барлығы Хатшылық арқылы, Қазақстанның ішкі заңнамасымен қауіпті және сондай сыйпаттағы деп белгіленген қалдықтар туралы ақпаратталуы тиіс. Конвенция Тараптары осы ақпаратты алғаннан кейін қазақстандық ұлттық анықтаманы тануға міндетті.

Базель конвенциясының ұлттық құзіретті органы бұл ақпаратты ұлттық деңгейде таратуға жауапты екенін айта кету керек, мысалы, оларды кедендік қызмет және экспорттаушыларға жеткізуге.

Конвенцияда «басқа қалдықтар» туралы айтылған. Ол «басқа қалдықтар» II қосымшасында тұрмыстық үйлерден жиналатын немесе тұрмыстық қалдықтарды жағу нәтижесіндегі қалдықтар болып белгіленген (олар сәйкес Y және Y47 кодтарымен белгіленген).

Көптеген радиоактивті қалдықтар АЭХА регламенттеледі, сондықтан Базель конвенцияна енгізілмеген. Дегенмен, АЭХА жағдайларына жатпайтын да радиоактивті қалдықтар да бар (мысалы, радиоактивтілігі төменгі деңгейлігі себепті). Бұл жағдайда олар Конвенция жағдайларымен регламенттеледі. Ол қалдықтар мысалы, Конвенцияның I қосымшасындағы Y1 кодымен белгіленген медициналық қалдықтар, рентгендік материалдар болып енгізіледі.

Жылсайынғы ұлттық есептің негізгі элементтерінің бірі болып, өндірістік, оның ішінде металлургиялық, кәсіпорындар туралы ақпараттар болып табылады. Қара, сондай-ақ түсті металл шығаратын Қазақстан үшін үшін өз қалдықтарын дұрыс бағалау өте маңызды.

Осы мақсатта, металдар мен олардың қоспасын рециркуляциялау стратегиясы немесе үрдістерді дайындау барсында экологиялық қауіпсіз және қалдықтармен тиімді іс-әрекет жасау үшін, Базель конвенциясы тараптары (КТ) конференциясының Техникалық басшылық принциптері ұсынылады.

Басшылық принциптерінде өнеркәсіп өндірістері жүйесінде жеке компоненттер беретін рекуперациялау, рециркуляциялау және қайта ұқсату араларындағы айырмашылық көрсетіледі, бұл ұлттық анықтама жасау кезінде аса маңызды.

Рекуперациялауға металл, құрамында металл бар заттарды немесе металдық фрагменттерді жинау барысында олардың қалдыққа қосылуы, немесе оларды қалдық массасына түскен жағдайларды оларды алу жатады.

Осыдан, рециркуляцияны осындай нәрселерді немесе фрагменттерді әрі қарай пайдалану (мысалы, тікелей балқытуға) немесе қайта ұқсатуға жіберу деп есептеуге болады.

Қайта ұқсату (утилизация) деп, әлбетте металлургиялық үрдісті айтады, негізінен оның барысында кейбір металдар үшін пирометаллургиялық, және мақсаты тазарту мен балқыту болып табылатын рекуперацияланған немесе рециркуляцияланған металды алғашқы металл сияқты пайдалануға болатын күйге жеткізетін - гидрметаллургиялық әдістерді айтады. Қауіпті қалдықтарды рециркуляциялау мен қайта ұқсату қалдық анықтамаларының мазмұнына (IV қосымшаның B бөлімі мен I бабының 1a) тармақшасына) сәйкес Базель конвенциясы көрсеткен басқару тәртібіне жатады.

I қосымшаға енгізілген металдарды рекуперация мен рециркуляциялау басшылар мен жұмысшылардың арнайы дайындығын талап еткенімен, үнемі қиын және қымбат технологияларды пайдаланумен, сондай-ақ денсаулық пен қоршаған ортаны қорғауғайтын

техникалық жабдықтардың бар болуына байланысты емес. Рекуперацияны 1 қосымшаға енгізілген металдарды ішкі және сыртқы нарыққа шығарып сату үшін ерекшеліктері бойынша жинау, сараптау арқылы жүргізуге болады. Рекупирленген металдар балқытуға (мысалы, құю цехына), аффинажды зауыттарға немесе қайта ұқсату объектілеріне жіберілуі мүмкін. Қайта ұқсату металлургиялық комбинаттарда немесе қайта балқытатын арнайы кәсіпорындарда, кейде – гидрометаллургиялық әдістермен іске асырылады. Базель конвенциясының VIII қосымшада көрсетілген көптеген металл қоспалары бар қауіпті қалдықтар құрамында түсті металдар болады.

Олардың санатына келесі металдар мен қосылыстар жатады: сурьма (Sb), мышьяк (As), бериллий (Be), кадмий (Cd), қорғасын (Pb), сынап (Hg), селен (Se), теллур (Te), талий (Ti).

Оларға сондай-ақ, мыс, цинк, алты валентті хромның қосындылары жатады, тек металдардың өзі емес. Аталған металдар мен қосындыларын металдар деп атап, оларды конвенцияның I қосымшасына енгізілген металдар деп түсіну керек.

Конвенцияның III қосымшасында көрсетілген сыйпаттамалардың бірі де болмаған жағдайдан басқасында, конвенция сыйпаттаған қалдықтарға жатқызылатын болса, онда құрамында жоғарыда аталған бар материалдар Базель конвенциясының аясында реттеледі.

Дегенмен, I қосымшаға енгізілген металдарға аса назар аударылады, яғни Y тізілім. Метал қосындылары олардың физикалық, химиялық формаларына байланысты, шикізат, орта жолдағы немесе дайын өнім болып табылады және оларды қалдық деп санайтын материалдаға жатпайды. Қайта пайдалануға жіберілетін қосындылар рециркуляция немесе қайта ұқсату үрдісі нәтижесінде шығарылытын/ өндірілетін қосындылар оларға гальваникалық металл жабу кезінде, тазалаушы жүйелермен байқалатын құрамында металы бар шаң немесе шөгінділерге айналады.

Y тізілімде металдардың өздерін өндіруден басқа, өндірістің Y5 сияқты өндіріс қалдықтары, ағаш консерванттары алып және пайдалану (мысалы, мыс арсенаттары немесе құрамында мышьяк бар оған сай металл қосылыстары болады); Y7 - құрамында цианид болатын, металдарды қыздырып өңдеу кезінде немесе металдарды байытудан шығатын қалдықтар; Y14 – адамға немесе қоршаған ортаға тигізетін әсері белгісіз, табиғаты әлі ашылмаған және/немесе жаңа болып табылатын, ғылыми – зерттеу жұмыстары немесе оқу үрдісі барысында алынған қажетсіз химиялық заттар; сонымен қатар Y17 – металл, пластмасса беттерін өңдеу қалдықтары (мысалы – электролттік әдіспен).

Сонымен бірге, Y16 санаттағы, фотохимикаттар немесе материалдарды өндіру мен алу кезіндегі қалдықтар, олардың құрамында күміс болмаған жағдайда осы басшылық принциптермен реттеледі. Осындай қалдықтар құрамында көбіне күміс болады, оған Базель

конвенциясы жағдайларна тарамайды.; оларды күміс алу үшін қайта ұқсату кеңінен тәжірибеге енгізілген, ол үшін рекуперацияның басқа үрдістерінен ерекшеленетін химиялық үрдістер пайдаланылады.

Көптеген санаттары бойынша жиналатын, сұрыпталатын, және бөлінетін түсті металдар рециркуляция мақсаты үшін қауіпті емес, немесе YII қосымшаға енбеген.

Техникалық басшылық құжат қалдықтарды қауіпті деп танып, әрі қарай олардың айналымдағы статусын анықтау үшін зеректілік таныту керектігін ұсынады.

Базель конвенциясының жоғарыда көрсетілген талаптары Қазақстанның жылсайынғы есебінде толық баяндалуы керек.

Хатшылық Басшылына сәйкес міндетті толтырылатын негізгі кестелер: Сұраулық «Ақпарат жіберу туралы», I қосымшаның (Y1-Y45) кодына сәйкес экспорт және импортталатын және басқа да қалдықтар туралы (6 және 7 кесте), осымен бірге қауіпті сыйпаттамалар ( III қосымша) VII Қосымша кодтары және ООН классификациясы бойынша, қауіпті қалдықтар мен басқа да қалдықтардың қандай мақсатта экспорт/импортқа шығарылғанын көрсетілген (конвенцияның IV A және IV B кодтары бойынша) есепті көздейді.

Ақпараттық аса маңызды болып 8A және 8B кестелер саналады, олар бойынша Y1-Y45 санаттары бойынша шығарылған және түзілген қалдықтардың жалпы көлемі туралы толық ақпарат берілуі керек, 9- кесте- «Көзделген, бірақ алынбаған қалдықтар», 10 кесте – «Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау және алу кезінде болған апаттар туралы».

Аталған қосымшалар осы есептің B Қосымшасында көрсетілген.

Базель конвенциясындағы қалдықтар жөнінде ұлттық заңнамадағы, АЭХА шешімдеріндегі, ЕК аясындағы директивадағы қалдықтар анықтамасының бар айырмашылықтарына аса назар аудару қажет. Заттардың қалдыққа /қалдық емеске жатқызу сұрағы ОЭСР Басшылық құжаты контекстінде талқыланды (ENV/EPOC/WMPG (98 ) /REV1). Аса назар қалдықтар анықтамасына, бір жағынан, қауіпті сыйпаты жағынан (Безель конвенциясы, ЕК қалдықтарының Тізілімі)і ал екінші - қауіптілігін бағалау негізінде (ЭЫДҰ қалдықтар Тізілімі) берілді. ЕК қалдықтар Тізілімі мен Базель конвенциясының VIII Қосымшасы (А Тізілім) арасындағы айырмашылықтар қосымша компоненттер және қауіптілік критерияларының өзгешеліктеріне байланысты, бұл ЕС қалдықтар тізіліміндегі қауіпті қалдықтар санының өсуіне әкеледі ( Базель конвенциясының 1 (1)б бабына сәйкес).

**Қауіпті қалдықтардың түсті деңгейінің индексациясы.** 1992 жылы ЭЫДҰ мен Еуропалық Кеңес – (24 индустриальды ұлттың клубы) ЭЫДҰ мүшелері - елдері арасында қалдықтарды сатуды реттеу үшін Ереже шағарды.

Осы ережелерге сәйкес қауіпті қалдықтар 3 тізімге бөлінген.

«Қызыл тізімге» бәрі қауіпті деп мойындаған қалдықтар енгізілген (асбест, полихлорланған бифенилдар, хлорланған диоксидтер және т.б.). Оларды Базель конвенциясы реттейді.

«Сары тізімге» фенол, мерзімі өткен қорғасын аккумулятор батареялары және т.б. сияқты, қауіптілігі шамалы қалдықтар кіреді. Бұл қалдықтар шамалы деңгейде реттеледі.

«Жасыл тізімге» рециклизацияға арналған (мыс, кадмий, пластмасса қалдықтары, тозған шиналар, ЖЭС көмір күлі және т.б.). Олар қауіпсіз қалдықтарға жатқызылған.

Қауіпсіз қалдықтарды («жасыл тізім») «үшінші әлем елдеріне» көму үшін экспорттауға тиым қойылған. Ол тек Базель конвенциясына қатысып отырған Еуропалық ассоциация еркін сауда елдері (European free Trade Association - EFTA), кейіннен ЭАСТ, үшін рұқсатталған.

Қауіпсіз қалдықтарды («Жасыл тізімдегі») қайта өңдеу үшін тасымалдау рәсәмі қиынға түседі. Комиссия әр «үшінші» елдің қауіпсіз қалдықтардың әр түрі бойынша осы түрін қабылдап алуға дайын екенінін білуі керек еді. «Жасыл тізім» II қосымша қалдықтардың 140 түрінен құралатындықтан, елдердің бір бөлігі оған ешқандай жауап бермеген, ал кейбірі алғашқы берген жауаптарын өзгерткен, сондықтан Кеңес тек 1999 жылдың ортасында ғана қай мемлекетке қандай қалдықтар апарылатыны және бақылаудың қандай шарттарын сақтау жөнінде шешім қабылдай алды.

Тараптар Конференциясының Басшылық құжатында Базель конвенциясы тараптарының ұлттық есеп беруін жетілдіру жөнінде Хатшылық көптеген елдердің құзіретті органдары қауіпті қалдықтардың қандай көлемі енгізіліп, қаншасы импортталғаны және оларға қандай түрдегі басқару жасалу керектігі жайлы нақты білмейтіндерін атап өтті. Нақты және жан-жақты ақпараттың болмауы мемлекеттік және әкімшілік биліктің ақпаратталуы шектеулі екенін көрсетеді.

Осыған байланысты қайта соған келіп айнала беріледі: қауіпті қалдықтар адекватты реттей алмауға себепті, денсаулық пен қоршаған ортаға әкелетін зияндылық деңгейі анықталмағандықтан, осыған орай тиісті шаралар қабылдана алмайды да, ол әрі қарай осындай қауіптің күшеюіне әкеледә.

Қазақстанның мемлекеттік органдарынан осындай еспті дайындау кезінде алынған ақпараттарды талдай келе, осы жағдайдың бізде де байқалатынын көреміз. Кеден комитеті қоршаған ортаны қорғау Министрлігі –құзіретті орган қауіпті қалдықтар жөнінде ұлттық базаны бермеуі себепті, Базель конвенциясын деклоративті басшылыққа алып отыр. Конвенцияны орындау үшін ұлттық есептің формаларын (1 Қосымша) толтыруға жасалған

сұраулар жауапсыз қайтарылған. Бұл жағдай осы жылдар бойы қол қойылған ең бір әлемдік экологиялық конвенция – Базельдік – еліміз оны қалтқысыз орындауды алға қоймаған.

Базель конвенциясы тараптарының ұлттық есеп беруін жетілдіру жөніндегі Тараптар конференциясының Басшылық құжатын Қазақстанға қатысты қарасақ, есептің талаптары қажетті деңгейде орындалмауына түрлі себептер бар екенін көреміз.

1) Қауіпті қалдықтарға түгендеу жүргізуге, оларды жинап, дұрыстаға қаражат пен қолдардың детпеуі;

2) Табиғатты пайдалану субъектілері мен мүдделі мемлекеттік органдардың институционалды қарым –қатынасын бекіту туралы құқықтық жағдайы мен институционалды механизмдерінің болмауы.

3) Қауіпті қалдықтарды үйлестіру механизмі әлі нақты анықталмаған, бұл тиісті мемлекеттік ведомстволарлардың рөлдерінің қайталануына әкеліп отыр.

4) Ақпаратты жинау мен онымен алмасу үшін механизмнің болмауы деректерді жинау мен алмасу әдісіне үйретіде техникалық және адам ресурсының болмауы себебінен.

Заңсыз айналымды мониторингтеу және кадастрлар мен декреттер базасын әзірлеу үшін адекватты қаржылау мен ақпараттық технологияларға қол жеткізе алмағандықтан, төтенше жағдайларға жауап қайтару мен ұлттық есепті дайындауда Қазақстанның мүмкіндігі шектеліп отыр.

5) Базель конвенциясы бақылайтын қалдықтар түрлері туралы кейбір мемлекеттік органдардың және табиғатты пайдаланатын субъектілердің қажетті білімдерінің болмауынан.

6) Қалдықтарға мониторинг жүргізетін кедендік лауазымды тұлғалар мен басқа лауазымды тұлғалардың арасында үйлесімділіктің жоқтығы. Кедендік органдар қауіпті қалдықтардың орын ауыстыруын бақылаудан гөрі, мемлекет қазынасына түсімді жинаумен айналысады.

7) Сол себепті де, қауіпті қалдықтарға арналған экологиялық рационалды ұлттық саясаттың бірінші кезеңіне сол қалдықтардың түрі, көлемін түгендеу мен басқару үрдісі енгізілген. Сонда ғана, проблемаларды кезекпен шешу және қандай да бір шара қолдану жөнінде шешім қабылдауға болады. Осы этаптан кейін, қауіпті қалдықтардың барлық өмір сүру жолын, олардың өндірісін, өзгерісін, жоюды қамтитын қауіпті қалдықтарды ұлттық басқару туралы жүйені әзірлеуге болады.

Қауіпті қалдықтар тізілімі олардың жиналу көздерін, көмілген орындарын және олармен айналысатындарды қамтуы керек.

Түгендеу жүргізу Базель конвенциясының Басшылық құжаты, 2000 жылы КТ бекітілген «Базель конвенциясына сәйкес ұлттық түгендеу жүргізу туралы әдістемелік Басшылыққа» сәйкес жасалуы тиіс.

Басшылық елдегі қауіпті қалдықтарды басқару мәртебесін, өндірістің қауіпті қалдықтарын басқару және/немесе азайту үшін олардың көлемі мен шығындарын анықтауы тиіс. Бұл тізілім периодты жаңартылып отырылуы керек. Түгендеу үрдісі оған әрбасқа мүдделері бар әртүрлі субъектілер қатысатын үрдіс. Басқа мемлекеттердің тәжірибесі мұндай салааралық үрдістер басқару мен бақылау үшін өте қиын екенін көрсетеді. Сондықтан да керекті ақпаратты тез алу үшін, дәл әдістемемен жұмыс істеу ұсынылады.

Ондай әдістеме жоғарыда айтылған Базель конвенциясы аясында ұлттық түгендеу жүргізу үшін әдістемелік басшылықта баяндалған.

Басшылық өндірістік дамыған кейбір елдердің практикасына негізделген. Ол мемлекеттер бірнеше жылдар бойы қауіпті және арнайы қалдықтарға түгендеу әдістемесі мен талаптарын зерделеген.

Басшылықтың мақсаты күзіретті органдарға практикалық қиын емес нұсқаулар беру болып табылады. Басшылық қауіпті қалдықтардың барлық түрлеріне түгендеу жүргізуге байланысты, осыған орай Базель конвенциясының VII және IX қосымшаларына сәйкес келетін қауіпті қалдықтар классификациясы пайдаланады.

Қауіпті қалдықтарға ұлттық түгендеу жасау Базель конвенциясын орындау аясында қауіпті қалдықтарды ұлттық басқару бағдарламасын әзірлеп, іске асырудың алғашқы қадамы екенін аталды.

Түгендеу жүргізу ресми және күзіретті әкімшілік органдардың тағайындаған қоршаған ортаны қорғауға жауапты тұлғаларға жүктеледі.

Қауіпті өндірістік қалдықтарға түгендеу жүргізу құқықтық, институционалды және техникалық арсеналды қажет етеді, әр мемлекет бекітілген ережені, ұйымдастыру құрылымын, инфражүйесін, бағдарламалық ақпаратталуын және т.б. әрі қарай дамытуы керек.

Базель конвенциясының 5 бабы институционалды орган ретінде, қоршаған ортаны қорғау министрлігіне бағынатын Үйлестіру орталығын тағайындауды көздейді. Үйлестіру орталығы конвенцияның орындалуын ұлттық деңгейде жүргізуге басшылыққа етеді, сондай-ақ қауіпті қалдықтарды ұлттық басқарудың экологиялық негізделген бағдарламасын әзірлейді. Базель конвенциясы қауіпті қалдықтарды тектраншекаралық тасымалдауды реттеп қана қоймай, оларды жоюдың да әдісін анықтайды. Жою әдісі тек импорттайтын елдің ғана проблемасы емес. Ол экспорттайтын (өндіруші тұратын) елге де құқықты

қатысты. Осындай қалдықтарды экологиялық негізделген түрде жоюды қамтамасыз ету Базель конвенциясының міндеті болып табылады.

Қалдықтарды жою конвенцияның 2 бабының 4 тармағымен анықталады және конвенцияның IV қосымшасында көрсетілген кез келген операцияны білдіреді.

IV қосымшада екі түрлі «жою» берілген:

- «А» бөлімінде рекуперация, рециркуляция, қайта ұқсату және т.б. әкелетін 15 түрлі жою операциясы берілген (D1 – D15 дейін). Жерге көму, жағу, шахталарға көму және т.б. осы операциялардың мысалы бола алады.

- «В» бөлімінде рекуперация, рециркуляция, қайта ұқсату және т.б. әкелетін 15 түрлі жою операциясы берілген (R1 – R 13 дейін). Металдар мен олардың қосындыларын рециркуляциялау/қайта ұқсату, мұнай өнімдерін қайта айдау осы операциялардың мысалы бола алады.

Сонымен қатар, трансшекаралық тасымалдау» деп, бір елдің заңдылығына бағынышты ауданнан басқа елдің заңдылығына бағынышты екінші ауданның немесе ол арқылы өтетін қауіпті немесе басқа қалдықтардың қоғалысын айтады. Бірақ, мұндай орын ауыстыру ең кем дегенде

Бұл жерде Конвенцияның жағдайлары екі жақты, көп жақты немесе аумақтық келісімдер арқылы жүргізілетін трансшекаралық орнын ауыстыруға тарамайды. Маңызды шарт – бұл тасымалдау Конвенциясының талабы бойынша қауіпті және басқа қалдықтарды экологиялық тиімді басқарумен келісімді болуы керек (11 баптың 2 тармағы).

Осыдан Қазақстан Хатшылықты қауіпті қалдықтар немесе басқа қалдықтар трансшекаралық тасымалдауға, сондай-ақ конвенцияның күшінге енгенге дейінгі жасалған қандайда болмасын келісім туралы хабардар етуі керек.

«Жою» БК (2 бабы, 4 тармағы) IV қосымшада көрсетілген кез-келген операцияны айтады. Базель Конвенциясының В қосымшасында жоюдың жиі пайдаланатын тізімі көрсетілген.

Шекара арқылы қалдықтарды бақылау үрдісі тұрғысынан қарағанда, Конвенция ресурстардың қайта өңдеуге, қайта ұқсатуға, тікелей екінші рет пайдалануға немесе альтернативті пайдалануға (IV қосымша, В бөлім) әкелетін операциялар мен оларға әкелмейтін операциялар (IV қосымша, А бөлім) арасын бөліп қарамайды. Яғни трансшекаралық бақылауда олардың қандай мақсатта тасымалдануына байланыссыз, қауіпті қалдықтардың тасымалдау үрдісінің өзі маңызы болып қала береді.



Базель Конвенциясы қауіпті қалдықтардың (1 қосымша) және басқа қалдықтардың (II қосымша) экологиялық таза және тиімді әдіспен тасымалдануын талап етеді. Мүдделі тараптардың жою нұсқаларды таңдағанда келесі элементтерді қарастыруы қажет:

- мақсаттары, көлемі және операциялық анықтамасы;
- технологияларын, сондай-ақ қызмет жасау тиімділігін;
- денсаулық пен қоршаған ортаға тағдалған жоюды пайдаланудың әкелетін қаупі;
- қалдықтардың операция жасауға жарамдылығы;
- таңдап алынған және қауіпсіздік аспектісімен байланысты технологиялық қауіпсіз жұмыс жасауы үшін принциптері,
- параметрлерді таңдаудың объектілерді салудың технологиялық жобасына конструкцияларды және басқару жоспарына, қондырғыларды жасап оларды пайдаланумен байланысты болатын экологиялық жағдайларды жобалауды бағалау принциптерін жасау;
- әрекеттерді мониторингтеу бойынша басшылық жасау, қажетінше түзету әрекеттерін жасау;
- объектілерді жабу және әрі қарай бақылау бойынша басшылық ету;
- жою үрдісінің экономикалық аспектілеріне баға беру.

#### **Жою үрдісі аспектілерін экономикалық бағалау.**

Жоғарыда айтылғандай, Базель конвенциясы бойынша тараптардың өз міндеттерін атқарудағы маңызды аспектілерінің бірі болып, қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау туралы мүдделі мемлекеттер арасында, сондай-ақ, Хатшылықты уақытында хабардар етіп отыру болып табылады. Және де бұл деректер ұлттық есептің элементтері болып саналады.

2009 жылғы Қазақстан бойынша трансшекаралық қауіпті қалдықтардың орын ауыстыруын (экспорт, импорт және транзит), (ҚР ҚОҚМ экологиялық реттеу мен бақылау жөніндегі Комитетінің деректеріне байланысты) талдау мұндай деректердің түспегенін және берілмегенін көрсетеді. Табиғатты пайдалану субъектілерінің қалдықтарды өндіріс кәсіпорныдары үшін шикізат ретінде енгізгенде бірлі-жарымды жасаған ұсыныстары байқалады.

Сонымен бірге, қалдықтарды енгізу, шығару және транзит туралы Ережесінде (2007 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 594 қаулысымен бекітілген), құзіретті органдарға (шекаралық, көліктік, кедендік бақылаушы мемлекеттік органдар, қоршаған ортаны қорғауға, өндірістік қауіпсіздікті, және санитарлық-эпидемиологиялық

қызмет органдары) хабарламай-ақ, басқа мемлекеттердің ғана қалдықтарының тасымалдануы жөнінде хабарлау көзделген.

Үкімет қаулысына қатысты, жоғарыда көрсетілген мемлекеттер қалдықтар операциясын өздерінде деоеу тіркейтін болулары керек, дегенмен іс жүзінде осылай емес, есеп қағаз жүзінде ғана жасалады.

Базель конвенциясының 5 бабына сәйкес құзыретті орган болып қазір Ресей Федерациясының Табиғат ресурстары Министрлігі (Россия ТРМ) болып табылады. Россияның ТРМ Бөлінген орталыққа жұмысына әдістемелік басшылық және бақылау жасайды. 2003 жылдан бастап, Базель конвенциясы бойынша Федералды унитарлы мемлекеттік кәсіпорын «Мемлекеттік экологиялық бағдарламалар орталыңғы» Бөлінген орталық болып тағайындалды.

Ресей Федерациясында қауіпті қалдықтардың орын ауыстыруы (енгізу, шығару) Ресей Федерациясы табиғат ресурстары Министрлігінің рұқсатымен, Ресей Федерациясы экономиканы дамыту және сауда Министрлігінің лицензиясы негізінде жүргізіледі. Рұқсат Ресей ТРМ-нің сәйкес құрылымындағы бөлімдер – рұқсаттау жұмысы Басқармасына берілген.

Үстіміздегі жылда орын алған трансшекаралық тасымалдау бойынша (трансшекаралық тасымалдаудың барлығы) Ресей ТРМ рұқсаттау жүйесі Басқармасынан Бөлінген орталыққа келіп түседі де, деректер банкі құрылады. Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау туралы деректерді өңдеу үшін қолданыстағы бақдарлама мен Базель конвенциясы Хатшылығына жасалатын есеп Ресей ТРМ рұқсаттау жүйесі Басқармасына хабарлаушы жақтардың тасымалдауға рұқсат алу үшін берген құжаттар пакетіндегі ақпараттарға негізделіп жасалады. Құжаттардың тізбесі Үкімет қаулысымен регламенттелген. Ресей Федерациясының Үкіметінің 2003 жылғы 17 шілдедегі № 442 Қаулысымен бекітілген қаулыға сәйкес, Ресей Федерациясының ТРМ Ресей Федерациясының төтенше жағдайлар мен табиғи апаттар салдарын жою бойынша Министрлігін, Ресей Федерациясының көлік Министрлігін, Ресей Федерациясының жол тораптары Министрлігін, Ресей Федерациясының денсаулық сақтау министрлігін, Ресей Федерациясының Мемлекеттік кеден Комитетін және Россияның тау және өндіріс Федералдық қадағалауын қалдықтарды трансшекаралық орын ауыстыруына берілген рұқсаттар туралы хабарлауға тиісті.

Ережеге сәйкес:

- № 1 қосымшаға сәйкес Ресей Федерациясының аумағына (аумағынан) енгізілген (шығарылған), Ресей Федерациясы экономиканы дамыту және сауда Министрлігінің Ресей Федерациясы табиғат ресурстары Министрлігінің (оның аумақтық

органдарының) рұқсатымен қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауға берілген лицензиямен іске асырылады.

- № 2 қосымшаға сәйкес Ресей Федерациясының аумағына (аумағы бойынша) енгізілген (транзит), Ресей Федерациясы экономиканы дамыту және сауда Министрлігінің Ресей Федерациясы табиғат ресурстары Министрлігінің (оның аумақтық органдарының) рұқсатымен қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауға берілген лицензиямен іске асырылады.

- Ресей Федерациясының табиғат ресурстары Министрлігі (оның аумақтық органдары) айтылған рұқсат алу туралы өтініш түскен соң 30 күннің ішінде қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауға рұқсат беру немесе бермеу туралы шешім қабылдайды.

Германияда Базель конвенциясы бойынша қалдықтардың орын ауыстыру статистикасын Ұлттық үйлестіруші жүргізеді. Барлық, экспорт пен импортты бақылаушы 40 құзіретті орган, өтініштер/хабарлар өңделгеннен кейін Ұлттық үйлестірушіге жыл бойынғы барлық орын ауыстырған қалдықтардың саны туралы хабарлайды. Үйлестіруші деректердің шынайылығын, бірдейлігін тексеріп, жылсайынғы статистика аясына жинайды.

Қазақстанда хабарлау жүйесін әрі қарай дамыту үшін, бұл сұоақты Базель конвенциясы ұсыныстары тұрғысынан мүдделі мемлекеттік органдармен жете қарауы керек. Және, республикада хабарлау жүйесін дамыту бойынша сәйкес нормативті құжат әзірлеуі қажет.

Сонымен, Базель конвенциясы ұлттық деңгейде орындау үшін Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау Министрлігі, Базель конвенциясы бойынша тағайындалған орган ретінде, қолданыстағы бар жағдайларды салмақты қарап және келесі шараларды енгізуі керек:

- Барлық мүдделі жақтарды анықтау
- Ұлттық Үйлестіруші /Басқарушы Комитет құру
- Техникалық жұмыс топтарын құру
- Ақпаратпен алмасудың әрекетті механизмін іске енгізу
- Басқа органдармен қарым-қатынас туралы меморандум жасау
- Әрі қарай ұлттық есепті дайындап, толық жасау үшін келесі тармақтар

бойынша дереу шаралар жасау керек:

### ***1. Деректерді жинау әдістемесін әзірлеу***

- Ұлттық есеп үшін деректер жинау ға енгізіледі:
- Рұқсат берілген мерзімге қалдықтардың қозғалыс маршрутын анықтау үшін, қауіпті қалдықтарды шығарушы мен қайта өңдеушінің ұлттық есептің міндетті

формаларына сәйкес, эмиссияға арнайы рұқсат беру жүйесінде декларациясын ескеру керек;

- Сауда, өнеркәсіп, кеден және акцизді жинауға жауапты Департамен ішінде импорт және экспорт бойынша статистикалық материалдарға шолу жасау;

- Қайта пайдалануға жататын қауіпті қалдықтардың және басқа қалдықтардың заңсыз айналымын ашу рәсімдерін келесі әрекеттер бойынша әзірлеу:

- Қалдықтардың (қауіптілігіне қарамай) импорт және экспорт бойынша деректері статистикасына мониторинг жүргізу. Бұл талдау кәдімгі сауда картинасын беруі керек. Қалыптасқан кәдімгі сауда картинадан кез келген ауытқу әпі қарай инспекциялық тексеру жасау керектігіне сілтейді. Бұл деректердің әлеуетті көздері болып сауда, өнеркәсіп, кеден және акцизді жинауға жауапты ведомстволары табылады;

- Қауіпті қалдықтарды заңсыз жеткізу негіздемесіне сүйенген заңсыз жұмыс жасау нұсқаларын әзірлеу. Заңсыз жеткізулер туралы нақтыланған деректерді жинау, құзіретті органдар үшін қалдықтардың заңсыз айналымы жүретін жолды түсінуіне әкеледі.

## ***2. Қауіпті қалдықтардың орын ауыстыруын көріп отыру үрдісін әзірлеу***

Қауіпті қалдықтардың трансшекаралық және жергілікті орын ауыстыруы маршрутын әзірлеу үшін Орын ауыстыру формасы мен Хабарлау формасын әзірлеі қажет. Орын ауыстыру құжаттарының Хабарлау формаларымен сәйкестігін әрдайым тексеріп отыру ескерілуі керек.

## ***3. Шекаралық бақылау қою***

Қарым-қатынас туралы меморандум (ҚҚМ) арқылы Кеден комитетімен қауіпті қалдықтардың орын ауыстыруына мониторинг жасау үшін шекаралық бақылау қою.

ҚҚМ енгізіледі:

- Қауіпті қалдықтардың табиғатын анықтау мен заңсыз орын ауыстыру оқиғаларын анықтау бойынша кеден қызметкерлерін оқыту үшін техникалық көмек жасау.

- Зертхана мүмкіндігін күшейту.

- Кеден одағы мен Бүкіләлемдік кеден ұйымдарының келісімді жүйелерін пайдалану.

## ***4. Қалдықтармен байланысты кейбір жұмыс жасауға лицензиясы бар ұжымдардан деректер жинау үрдісін әзірлеу***

Тасымалданатын, жиналған, өңделетін, сыртқа шығарылатын және жойылуға тиісті қалдықтар туралы ақпарат беру үшін лицензияланған ұйымдарды тарту үрдістерін әзірлеу. Ол ақпараттар Базель конвенциясы бойынша ұлттық құзіретті органға анықталған кезеңмен жіберілуі керек: ай сайын, тоқсан сайын, жылына екі рет, немесе жылына бір рет.

## ***5. Қауіпті қалдықтардың ұлттық ақпараттық жүйесін әзірлеу (ҚҚҰЖ)***

ҚҚҰЖ үшін қауіпті қалдықтар регистрін құрастыру үшін Базель конвенциясының формалары пайдаланылуы керек.

#### **6. Қалдықтарды, оның ішінде қауіптілерін басқарудың нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру**

Қалдықтармен жұмыс жасау бойынша нормативтік құқықтық құжаттар дайындауда халықаралық тәжірибе мен Базель конвенциясы нормативтік құқықтық базасы пайдаланылуы керек.

Қазақстанның қалдықтар жөніндегі ЕК заңнамасына жақындауы қалдықтарды тұрақты басқаруды ынталандыру есебінен пайда әкелуі мүмкін.

Қалдықтар бойынша Директива қалдықтарды залалсыз экологиялық, сенімді басқарудың базалық талаптарын бекітеді. Осы директивамен партнерлер – мемлекеттерге қалдықтармен айналысуда, адам өміріне және қоршаған ортаға беретін зияны минималды болатын қалдықтарды басқарудың қолданылатын инфражүйесін жасауға мүмкіндік береді.

Қауіпті қалдықтармен басқаруда Қауіпті Қалдықтар бойынша директива қосымша талаптар қояды. Осы Директивамен келісу көптеген мемлекеттер – партнерлердің қауіпті қалдықтарды қайта ұқсатудың қолданыстағы практикаларымен байланысты табиғатты қорғау, денсаулық сақтау проблемаларын жеңілдетеді.

Базель конвенциясының Қауіпті Қалдықтарды шекарааралық жылжытуды Бақылау және Қайта ұқсатуды іске асыратын, Қалдықтарды тасымалдау туралы Қаулысы қалдықтарды басқа елдерге, ЕК кірмейтін елдерді қоса есептегенде, ерекше талаптар қояды. Бұл әр елдің өз жеткіліктілігін қолдайды, әсіресе қалдықтарды қайта ұқсату үшін қайта өңдеу, елдерді басқа мемлекеттерден шығарылатын қалдықтармен толтырудан қорғайды. Қалдықтарды Тасымалдау туралы Қаулымен жақындасу және қалдықтарды тиімді артуды бақылау, партнер – елдер аумағына қауіпті қалдықтарды импорттаумен байланысты қауіп-қатерлілікті азайтады.

Партнер – елдер заңнамасының қалдықтарды қайта өңдеу директиваларымен, Жер үсті қоқыстары және қалдықтарды жағып жіберу бойынша базалық директиваларға жақындау қалдықтарды қайта өңдеудің белгілі табиғатты қорғау деңгейіне қол жеткізеді. Жер үсті қоқыстары Директивалары жер үсті қоқыс орындарына қалдықтарды үюді бақылауды реттейді және соңынан міндетті алыну шартын қояды. Бұл Директиваға осылайша жақындау партнер – елдердің қоқысталған аумағының азаюы есебінен, жер асты сулары мен топырақтың кірленуінен сақтайды. Жақсы басқарылатын жер үсті қоқыстары бақыланбайтын қоқыс орындарына қарағанда паразиттер мен сасық иісті тарату қатерін азайтады.

Қалдықтарды қайта өңдеудің ызалық директиваларына қосымша, Қалдықтарды Жағып жіберу Директиваларына жақындау, зауыттардың қалдықтарды жағып жіберуі бойынша эмиссия деңгейін азайтады және бақылауды жеңілдетеді. Бұл қоқыстарды көміп тастаудың орнына жағып жіберудің адам денсаулығына және қоршаған ортаны қорғау, мысалы диоксидтер мен фурандардың

Ең соңында, қалдықтардың ерекше ағымы, бойынша директивалармен, мысалы орамалар қалдықтары Директивасы, істен шыққан автомобильдер бойынша Директивалар және пайдаланылған электрлік және Электрондық жабдықтар туралы директивалармен жақындау қалдықтарды қайта өңдеу/қайта ұқсату есебінен ресурс ретінде екінші қайтара қолдануды арттырады және кейбір партнер – елдердің алғашқы шикізатты, мысалы металл, пласмасса, шыны, қағаз және т.б. қатысты мұқтаждықты азайтады. Бұл, әрине, мемлекетте сәйкес өнімдерді басқаратын өндірушілердің арнайы коллекторлық режим жасауын талап етеді. Сөйтіп, аталған Директивалар қалдықтарды басқарудың алдыңғы қатарлы формалары бола алады.

## **2. 2009 ЖЫЛ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ТАСЫМАЛДАУ АЙМАҒЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДЕРІ МЕН ЗАҢНАМАСЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ**

2007 жылғы 6 қазанда Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы кедендік одақ құрды.

Кедендік одақ құру, ішінара кедендік салым алынбайтын, арнайы қорғаныс, антидемпингті және компенсациялық шаралардан басқа, экономикалық сыйпаттағы шектеу қойылмайтын біріңғай кедендік аумақ құруды көздейді.

Кедендік одақтың жоғарғы басшылығы болып, мемлекет басшылары мен үкімет басшыларынан құрылған Мемлекетаралық Кеңес болып табылады.

2007 жылғы 6 қазанда кеден одағының Тараптары жұмыс істейтін біріңғай реттеуші органы - кеден одағының Комиссиясын құрды.

Кеден одағының құрылуы ішінара кедендік салым алынбайтын, арнайы қорғаныс, антидемпингті және компенсациялық шаралардан басқа, экономикалық сыйпаттағы шектеу қойылмайтын біріңғай кедендік аумақ құруды көздейді. Кедендік одақ ішінде біріңғай кедендік тариф және басқа да үшінші мемлекеттермен тауармен сауда жүргізуде бірдей реттеу шаралары қолданылады.

2007-2008 жылдары кедендік одақтың келісім-құқықтық базасын құруда 20 астам халықаралық келісім-шарттар жасалды, олар бойынша Тараптар тарапынан ішкі мемлекеттік үрдістер жүргізілуі керек, бірақ әлі олардың күшіне енгізу туралы МГС (ВО ТК) тарапынан шешім қабылданған жоқ.

2009 жылы шамамен 30-дан артық халықаралық келісімдер қабылданды, олар бойынша Тараптардың мемлекет ішінде үрдістер жүргізіп, және МГС (ВО ТК) олардың күшіне енуі үшін шешім қабылдауы керек. Одан басқа, 2009 жылы кеден одағының жоғарғы органы, кеден одағының Комиссиясы мен Тараптардың Үкіметтері Біріңғай кедендік тариф, Кедендік кодекс, Кеден одағы Сотының Мәртебесі енгізілген, келісім-құқықтық базасын құрудағы кешендік шараларын жүргізді.

«Кедендік әкімшілік ету және статистика құжаттары бойынша шешім қабылданды:

- Уақытша енгізілетін тауарларға, кеден салымын, салық төлеуден босатылатын тауарлар тізімін анықтау қажеттігі туралы, сондай-ақ, халықаралық келісімге сәйкес, шекті мерзімі көрсетілген босатылу шарттары туралы;

- ТРИПС келісімі жайларымен өтінішсіз жеңіп алынған тауар шығаруды тоқтату бойынша кеден органдарына құзырет беруді көздейтін, Кодекс нормаларының жобасын сәйкестікке келтіру туралы;

- Арнайы үрдістерді анқтауды іске асыру мақсатында, кеден одағы комиссиясына арнайы кеден үрдістеріне енгізілетін тауарлар тізімін анықтау құқығын беру туралы;

Кеден кодексін күшіне енгізудің уақыты мен шарттары Кеден кодексі туралы (әрі қарай-КОТК) Келісім жобасы Мемлекетаралық Еуроазиялық экономикалық қоғамдастықтың Кеңесінде (жоғарғы орган) мемлекеттер басшыларының деңгейінде 2009 жылдың 27 қарашасында Минск қаласында қаралып, қабылданды.

КОТК нормаларына сәйкес кеден органдары кедендік бақылау өткізу жүргізуде таңдап алынған принциптерге сүйеніп, кедендік бақылаудың тек Кеден одағы заңдылығын, және Кеден одағы мүшелері мемлекеттерінің заңдылығын сақтауды қамтамасыз ететін, оларды бақылау кеден органдарына жүктелінген кеден бақылау формаларымен шектеледі.

КОТК -не сәйкес кедендік бақылау объектілері болып:

- Ең алдымен, тауарлар, оның ішінде кедендік шекарадан өтетін көлік құралдары және (немесе) осы Кодекске сәйкес декларацияға жататындары;

- Кеден одағының кедендік заңдылығына сәйкес ұсыну көзделген кедендік декларация, құжаттар мен тауарлар туралы деректер ;

- Кеден шекарасы арқылы тауарлардың орын ауыстыруына қатысты, кеден жұмысына қызмет көрсету және жеке кедендік үрдістер шеңберінде жұмыс жасайтын тұлғалар туралы деректер мен құжаттар;

Сонымен, КОТК сәйкес қауіпті қалдықтардың трансшекаралық орын ауыстыруы, егер де олар тауар мәртебесін алса, бақылауға жатады.

КОТК бойынша тығыз ынтымақтастық жасау тек одақ шеңберінде ғана емес, сонымен қатар халықаралық келісімдерге сәйкес шетелдік мемлекеттердің кедендік органдарымен де жүргізеді. Бақылау тиімділігін көтеру мақсатында кеден органдары басқа да бақылаушы мемлекеттік органдармен, сондай-ақ сыртқы экономикалық қызметке қатысушылармен, кеден шеңберінде қызмет жасайтын тұлғалармен және қызметтері сыртқы саудамен және олардың кәсіптік бірлестіктерімен (ассоциацияларымен) байланысты тұлғалармен қарым-қатынас жасайды.

Бұрынғы Кеңес Одағының бірнеше мемлекеттерін біріктірген, 2000 жылы Еуроазия экономикалық қоғамдастықтың құрылуы соңынан кедендік-тарифтік реттеу үрдісін жанжақты етуге әкелді. Соның салдары болып, біріңғай тарифтік классификатор ТН ВЭД Евр Аз ЭС қабылданды.



2002 жылғы 20 қыркүйекте Қоғамдастықтың қатысушылары – мемлекеттер басшыларының қол қойған келісіміне байланысты, Еуроазиялық экономикалық қоғамдастықтың ВЭД тауар номенклатурасы ТН ВЭД РФ ондық белгіге негізделген.

2009 жылы Тәуелсіз Мемлекеттер Достығының сыртқы экономикалық қызметінде бірыңғай тауарлық номенклатура туралы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Тауарлық номенклатура немесе тауарлар классификаторы, бұл –халықаралық ережеге сәйкес қабылданған тауарлар санының бірлік мөлшері. Бүгінде көптеген елдердің ұлттық ТН ВЭД тауарлар кодтарын сыйпаттаған (Harmonized Commodity Description and Coding System), 1998 жылы қабылданған гармониялық халықаралық жүйемен ұштасады.

### 3. 2009 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДА ҚАЛДЫҚТАРДЫ ШЫҒАРУ МЕН ПАЙДАЛАНУДЫ БАСҚАРУДЫҢ ЖАҒДАЙЫ

#### Қалдықтарды басқару сұрақтары бойынша нормативтік құжаттар

2009 жылы Қазақстан Республикасының «Экологиялық қауіпті технологиялар, техника және жабдықтарды енгізуді реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңымен Қазақстанға ескірген және «кір» технологиялар мен жабдықтарды енгізуге тиым салынды және шектеу қойылды, сондай ақ олпруды анықтау критерилері анықталды. Техникалық регламенттерді әзірлеу бойынша жоспар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 2243 қаулысымен бекітілген.

Көрсетілген жоспардың 29 тармағына сәйкес «Электролиз әдісімен алюминий өндіру кезінде қоршаған ортаға жасалатын эмиссияларға талап» техникалық регламенті ең алғашқы нормативтік құжат болып отыр, 2009 жылы ол бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің оны бекіту туралы қаулысы қабылданды.

2009 жылы ҚОҚМ 003 бюджеттік бағдарламасы бойынша 65 ғылыми – зерттеу жұмысы өткізілді, солардың ең кем дегенде 25-і қалдықтармен айналысу сұрақтарын қозғады.

Қалдықтармен айналысу сұрағы бойынша негізінен, төмендегі жұмыстарды атауға болады.

- «Уран байытатын кәсіпорындардың радиоактивті қалдықтарымен ластанған ашық тоғандар мен топырақты тазарту әдістерін әзірлеу» («медициналық радиобиология Ғылыси орталығы ЖШС»);

- Қазақстанда қатты тұрмыстық қалдықтарды басқарудың ұзақмерзімді аумақтық жүйесін әзірлеу» («Республикалық атмосфералық ауаны қорғау ғылыми-зерттеу Орталығы ЖШС»);

- Қатты-тұрмыстық және сұйық өндірістік қалдықтарды өндеудің технологиялық үрдісін әзірлеу мен параметрлерін негіздеу»; «Алдыңғы «технологиялар мен жобаларды енгізудің ғылыми-экологиялық келешегін негіздеу» («Денсаулық сақтау және экожобалау Орталығы ЖШС»);

- Қазақстан Республикасының мұнайгаз шығаратын аудандарының экологиялық жағдайын ғылыми-техникалық бағалау» (РМК ИАЦҚОК);

- «Радиоактивті қалдықтарды сақтау және консервациялау жаңдайын зерделеу, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасының қоршаған ортаға тигізетін әсері;

- «Полихлордифенилдармен ластанған аумақтарды экологиялық бағалау» және «Құрамында полихлордифенилдар бар қалдықтардың экологиялық қауіпсіз шіруін зерттеу» («Экосервис С ЖШС»).

- Бұлардан басқа, 2009 жылы 4 нормативтік құжат дайындалды, бірақ олар анықталған тәртіппен әлі бекітілген жоқ.

- Жоғарыда айтылған құжаттардың тек соңғы екеуі ғана тұрақты органикалық ластану бойынша Стокгольм талаптарының кейбір дәрежелерін көрсетеді. Қалған жұмыстар табиғатты қорғау Базель, Роттердам және Стокгольм конвенцияларының қалдықтар бойынша есеп пен басқару сұрақтарын мүлде қоғамайды.

- 2009 жылы 22 маусымда Министрліктің № 116-ө Бұйрығымен, экологиялық заңнаманы жетілдіру мақсатында, қоғамдық бірлестіктердің, кәсіпорындардың, сарапшылардың қатысуымен жұмыс тобы құрылып, жұмысын 2010 жылы жалғастырды.

- Сөйтіп, 2009 жылы қалдықтармен айналысу және басқару туралы нормативтік базадағы өзгерістерде халықаралық конвенцияларда, атап айтқанда, Базель конвенциясындағы міндеттерді қажетті көрсете алмады.

### **3.1 2009 жылы Қазақстанда қалдықтардың пайда болуы мен екінші қайтара пайдаланылуы туралы деректердің талдауы**

Базель Конвенциясының Қосымшасында төменде ақпаратталатын қалдықтарға аса көңіл бөлінетінін айта кету керек.

Сонымен қатар, төмендегі ақпарат қалдықтардың түрлерімен айналысу және басқарудың наңыз жағдайларының проблемаларын толық бере алмайтынына назар аударамыз. Экономиканың еш бір саласында қалдықтар, тіпті қауіпті қалдықтар туралы нақты есеп жүргізіліп отырған жоқ. 2008 жылы басталған табиғатты пайдалану қауіпті қалдықтарды паспорттау, қауіпті қалдықтарды анықтауда және олардың келесі үштүсті индексациясын анықтауда әртүрлі көзқарас барын көрсетті.

- сауда, өндіріс, кеден және акциздік төлем жинау бойынша жауапты департамент ішілік импорт пен экспорт бойынша статистикалық материалдарға шолу;

- заңсыз көшіру, қалдықтарды ластау және қайта қолдануға арналған қалдықтарды анықтауға арналған рәсімдерді дайындау. Мұны қашықтықтан физикалық инспекция жүргізбей-ақ, болжаулы заңсыз айналысты белгілеу жолымен жүргізуге болады. Заңсыз көшірілудің болжаулы жағдайы кейін физикалық инспекция жүргізу арқылы тергеу жүргізіле отырып орын алуы мүмкін. Келесі сценари заңсыз айналыс жөнінде ақпарат беруі мүмкін:

- қалдықтардың импорты мен экспорты бойынша статистикалық көрсеткіштер мониторингі (қауіпті болуы міндетте емес). Осы түрдің көрсеткіштері кәдімгі сауда талдауын беруге тиіс. Қандайда болмасын кәдімгі сауда қалыптасқан жағдайдан аномалиялар мен ауытқулар алдағы тексеріс жасау аудандарын меңзеуі мүмкін. Бұл көрсеткіштердің әлеуетті көздері сауда, өнеркәсіп, сонымен қатар кедендік және акциздік төлемдер жинаумен айналысатын ведомстволар болуы мүмкін.

- заңсыз жеткізуді растауға негізделген заңсыз қызмет көрсету салаларын әзірлеу. Заңсыз жеткізулерді растау туралы қолдар жинау құзыретті органдарға қалдықтардың заңсыз айналысы жүретін жолдарды түсінуге мүмкіндік береді, сондықтан одан әрі тергеу ресурстары тиімді бағытталуына мүмкіндік туады.

- Құзыретті органдар сарапшыларға, тасымалдаушыларға және ретсіз немес проблемалы жеткізу жағдайлары бар қалдықтарды жоюмен айналысатын тұлғаларға мониторингтің ағымдағы бағдарламасын жүргізу жолымен заңсыз/проблемалы жеткізулерге қатысты көрсеткіштер жинауы.

### **19 элемент. Лицензиялы ұйымдардың көрсеткіштер жинау рәсімдерін бекіту**

Құзыретті органға белгілі уақыт сайын беріліп отыратын белгі бір уақыт аралығында жиналатын, көшірілетін, өңделетін шет елге шығарылып сатылатын немесе жойылатын туралы ақпарат беріп отыруға лицензиялы ұйымдарды тарту рәсімдерін белгілеңіздер. Жазу кезінде Құзыретті органға алдын ала белгіленген уақыт аралығында: ай сайын, тоқсан сайын, жыл сайын немесе жылына екі рет тапсырылу қажет (қараңыз. Үлгі 5-қосымша).

### **20 элемент. Қауіпті қалдықтардың ұлттық ақпараттық жүйесін әзірлеу**

Создание регистра опасных отходов, разработка информационной системы по отходам (ИСО), которая согласуется с данными об уведомлении Базель Конвенциясын мәлімдеу туралы көрсеткіштермен келісілетін қауіпті қалдықтардың тізбесін жасау,

қалдықтар бойынша ақпараттық жүйе әзірлеу (ҚАЖ), ол көрсеткіштер базасын нысанына айналуы мүмкін. ҚАЖ әзірлеу бақылау және тексеріс сапасы, көрсеткіштер мен таралу кезеңдерін өңдеу көрсеткіштерін жинау жолымен жасалады. ҚАЖ көрсеткіштер базасы 4-қосымшада көрсетілген мәліметтерден құралуы мүмкін.

### **21 элемент. Ақпарат беру рәсімін әзірлеу**

Басшылық: «Ақпарат тапсыру» сауалнамасы ретінде танымал ақпарат беру рәсімін белгілейтін сауалнама басшылыққа алынады.

### 3.0 ҮЙЛЕСТІРУ ТЕТІКТЕРІ

Әртүрлі мекемелер, мысалы Ұлттық үйлестірушілер (үйлестіру орталықтары) мен құзыретті органдар, азаматтық қоғам ұйымдары мен жеке меншік секторы Базель Конвенциясының талаптарына сәйкес ұлттық есеп жүргізуді жетілдіру бойынша үйлестіруші маңызға ие бола алады. Қателіктерге жол бермеу үшін Үйлестіру биліктің күшін бытыраңқыландыру және/немесе оның міндеттерін қайталау жағдайларын сынға алуы керек.

Ұлттық деңгейде есеп беру мен үйлеструді қамтамасыз ету мақсатында төменгі байланыстар негізінде мыналар жүзеге асырылады:

- Конвенцияны Ұлттық Үйлестірушімен байланысты салалық (ведомствоаралық және мекемеаралық) үйлестіру;
- өзге де ұлттық әріптестерді насихаттау, мысалы азаматтық қоғам ұйымдарын, академиялық/ғылыми институттар мен жеке меншік секторы;
- халықаралық әріптестіктің өзге де тиісті мекемелерімен байланыс.

Үйлестіру тетіктерінің модельдері саяси және институттық аясына қарай елден елге ауысып тұруы мүмкін, бірақ төмендегі мәселелер пайдалы болуы мүмкін:

#### Үйлестірудің

#### 1 элемент. Мүдделі тараптардың тізімін белгілеу және құру жоқтығы мен ролдерді

Үйлестіру тетіктерін құру кезінде барлық мүдделі тараптарды анықтаңыз, мысалы, азаматтық қоғам ұйымдары, академиялық/ғылыми институттар және жеке меншік секторы.

фрагментациялау  
• Барлық мүдделі тараптарды айқындау

#### 2 элемент. Ұлттық Үйлестіру/Басқару комитетін құру

Ұлттық Үйлестіру/Басқару Комитеті Үкіметтен (салалық министрліктер мен агенттіктер) азаматтық қоғам, жеке меншік секторы, халықаралық, ынтымақтастық мекемелерінен құралуы мүмкін.

• Ұлттық Үйлестіру/Басқару Комитетін құру  
• Техникалық жұмыс топтарын құру

Осы тәсілмен үйлестіру құзыретті органдар мен үйлестірушілердің міндеттері мен функциялары проблемалы, сонымен қатар құзыретті орган біреуден көп болса және кереғар пікірле болған жағдайда пайдалы болып табылады. Сонымен қатар бұл тетік салалық мамандарды тарту мен сабақтастық үшін қолайлы.

Комитеттің міндеттеріне мыналар жатады:

- Конвенцияның орындалуын қадағалауды іске асыру,

- техникалық жұмыс топтарын үйлестіру,
- үйлестіруші мен құзыретті органның ролін белгілеу,
- белгіленген талаптардың орындалуын бақылау,
- штат кестесі және оқыту,
- қаржыландыруды ұйымдастыру,
- қалдықтардың ақпараттық жүйесін әзірлеу,
- биліктің әрекеттерін бытырату мен қайталауға байланысты орын алған

қатығыстарды шешу.

Жетістікке қол жеткізу үшін жұмысты былай ұйымдастыру жан жақты мәліметтендірілген, қайратты тұлғалы жетілдірілген басшылықты, ұлттық мүдделі тараптардың, соның ішінде жеке меншік секторы мен азаматтық қоғамдар кеңінен қатысуын, қауіпті қалдықтарды бақылау туралы ұлттық заңнамаға, Базель Конвенциясының саясаты мен рәсімдеріне қатысты қазіргі уақытқа дейін жақсы мәлімделген және ақпараттандырылған Комитет мүшелерінің ролдері анық белгіленуін қажет етеді.

### 3 элемент Техникалық жұмыс топтарын құру

Ұлттық Үйлестіру/Басқару Комитетінің басшылығымен заңсыз айналыс, инспекция және мониторинг, заңнама, оқыту және т.б. қауіпті қалдықтар ағысына немесе проблемаларына арналған бірнеше техникалық жұмыс топтары құрылуы мүмкін. Тәжірибе мен кәсіби біліктілікті толықтыру үшін әр топ әртүрлі институттар мен салалардың өкілдерінен құралады.



### 4 элемент. Тиісті мекемелермен өзара түсіністік туралы меморандум жасау

Құзыретті орган және/немесе Үйлестіруші бір тараптан және академиялық институт, сауда және өнеркәсіп, кеден департаменттері акцидік марка басқармасы, сауда және өнеркәсіп қауымдастығы сияқтылар екінші тараптан өзара түсіністік туралы Меморандум жасауы салалық және институттық байланыстарды нығайтады және қауіпті қалдықтар туралы көрсеткіштер жинау мен өндеуге септігін тигізеді.

Мұндай кеденмен және акциздік басқармамен жасалған озара түсіністік туралы меморандумдар қауіпті және өзге де қалдықтарды экспорт, импорт немесе транзиттік көшірулер мониторингін шекаралық бақылау үшін маңызды рол атқарады.

### **5 элемент. Ақпарат алмасу рәсімдерін белгілеу**

Базель Конвенциясына оң баға беру мен оны мандаты мен қызметі туралы мәлімделуін арттыру мақсатында, жергілікті және салалық, ұлттық мекемелердің қатысуын ынталандыру, ақпарат алмасуды жеңілдету үшін ұлттық есеп жүргізуде тәсілдер (тектіктер) құру қажеттігі бар. Ол болашақта қызметтердің қайталануына жол бермейді және қабылданатын шешімдердің сапасын арттырады, қауіпті қалдықтарды басқару жөніндегі ұлттық есеп беруді жалпы қолдауды ынталандырады.

Ақпарат алмасу тәсілдері (тетіктері):

- барлық ақпаратты таратуға болатын арна құру; оны Ұлттық Басқару Комитеті арқылы басымдылықпен іске асыруға болады. Бұл бір құзыретті органнан артық немесе қауіпті қалдықтардың шекара арқылы тасымалдануын бақылайтын бірнеше мекеме болған жағдайда өте маңызды;

- Комитеттің мүдделі органдары арасында электрондық пошта арқылы ұтымды байланысты қамтамасыз ету;

- веб-сайт, үнделер, брошюралар мен журналдарды қолдана отырып Ұлттық Басқару Комитеті арқылы ақпараттың әрдайым жаңартылып отыру;

Ұлттық Басқару Комитеті немесе техникалық жұмыс топтарының әрдайым кездесуі.



## 4.0 Қорытынды

Осы құжатта сөз болған Ұлттық есеп тетіктері келісілген үйлестіру тетіктеріне, күзіретті органдардың ақпаратталуына, саясатты бағыттайтын және жасайтын Ұлттық Үйлестірушінің қолдауына тәуелді. Ұлттық үйлестіруші деректерді жинау мен үйлестіруді қаражаттаушы рөлін орындайды.

Қалдықтарды анықтайтын және жіктейтін құқықтық жай ұлттық баяндаманы орындайтын мемлекеттік шенеуліктерге көмек бере алатын ұлттық есеп стратегиясының негізгі компоненті болып табылады.

Бұл құжаттың Базель конвенциясына және Конвенциямен шығарылған басқа басшылық құжаттармен сай пайдаланылуы және осы басшылықта көрсетілген сілтеулерді пайдалану маңызды.

### АНЫҚТАМАЛЫҚ ҚҰЖАТТАР

1. Қауіпті қалдықтар трансшекаралық тасымалдау және оларды жою бақылау туралы Базелья Конвенциясы
2. Басшылық: «Ақпаратты беру» бойынша сұраунама
3. Тараптардың 8- сессиясында қабылданған хабарлау құжаты формасының қайта қаралған нұсқасы және олармен байланысты басқа құжаттар
4. Бақылау жүйесі бойынша басшылық (инструкция)
5. Базель Конвенциясын орындау бойынша Басшылық
6. Ұлттық заңнама моделі
7. Заң беруші үшін бақылау тізімі
8. Келісілген жүйелер үшін Дүниежүзілік кеден ұйымдарының кодтары
9. Базель Конвенциясы шеңберінде қауіпті қалдықтарды ұлттық түгендеу жүргізуге арналған Әдістемелік басшылық

## ҚОСЫМША

### *1-ҚОСЫМША –Терминдер глоссарии (сөздік)*

*Терминдер глоссарии басшылық құжатта берілген терминдер негізінде жасалған.*

**Қүзіретті орган: Мемлекеттік орган** - Конвенция тараптарының белгілі бір географиялық облыста жауапкершілік жүктелген, Тараптардың олардан қауіпті және басқа да қалдықтар туралы және басқа да ақпарат ала алатын, оындай хабарлар бойынша іс-әрекет жасай алатын орган (Конвенцияның 2.6 бабы).

**Үйлестіру орталығы:** 13 және 16 баптарда көзделгендей, ақпарат беретін немесе алатын Тараптың ұйымы (Конвенцияның 2.7 бабы).

Қалдықтар : Базель Конвенциясының 2 бабының 1 тармағы қалдықтарды «ұлттық заңнамаға сәйкес жойылатын немесе жоюға жататын, немесе жойылуға тиісті заттар мен нәрселер» болып табылады.

Бақыланатын қалдықтар: Тараптармен қалдықтарды трансшекаралық тасымалдануы контекстінде бақыланатын қалдықтар. Әртүрлі қалдықтарды бақылау әртүрлі елдерде әрбасқа мақсаттармен жүргізіледі (Конвенцияның 1 бабы).

а. Базель Конвенциясына сәйкес келесі қтрансшекаралық алдықтар қауіпті деп саналады, егер:

- Қалдықтар Конвенцияның I қосымшасында көрсетілген (Y1-Y45) кез келген категориясына жататын болса;
- Конвенцияның III қосымшасындағы( H1-H13) сыйпаттамасының бір немесе бірнешеуіне жауап берсе;

Конвенцияның VIII және IX қосымшалары әрі қарай қандай қалдықтар қауіпті болып саналатынын көрсетеді.

б. Жоғарғы тармақпен қамтылмайтын, бірақ экспорттайтын Тараптардың ұлттық заңнамасында қауіпті деп саналатын қалдықтар, ал импорты мен тасымалдануы Конвенция шарттарымен бақыланатын қалдықтар;

в. Конвенцияны іске асыру үшін, Конвенцияның II қосымшасындағы Y46 и Y47 категорияға қатысты кез келген трансшекаралық тасымалданатын қалдықтыр «басқа қалдықтар» болып саналады және Конвенциямен бақыланады.

**Сыйпаттардың келісілген жүйесі мен тауарлардың кодталуы,** әрі қарай «гармониялық жүйе» немесе «ГЖ» Дүниежүзілік кеден ұйымы (ДКҰ) әзірлеген халықаралық көпмақсатты

тауарлар тізімі болып табылады. Оған 5000 тауарлық топ кіреді, әрқайсысына құқықтық және логикалық құрылымда, бірыңғай классификация түзу үшін тиісті ережеге сәйкес, алты белгілі цифрлық код берілген. Жүйе кедендік тарифтің негізі және халықаралық саудада статистикалық дерек ретінде 200 астам елдер мен экономикалық аймақтарда қолданылады. Халықаралық саудадағы тауарлардың 98 % ГЖ бойынша жіктеледі және кедендік гармонизация мен сауда үрдістерін құжаттар айырбастамай-ақ жүргізуге себеп болады. ГЖ халықаралық және жеке меншікті сектордың ішкі салық, сауда саясаты, бақыланатын тауарларды мониторингтеу, шығу тегі, жүктік тариф, транспорттық статистикалық деректер, баға мониторингі, квотаны бақылау, ұлттық есе әзірлеу, экономикалық талдау жасау сияқты мақсаттарда пайдаланылады. Осылайша, ГЖ әмбебап экономикалық тілде айтқанда, тауарлардың коды және халықаралық саудада таптырмас құрал болып саналады.

**Қауіпті қалдықтар:** Базель Конвенциясының 1 бабының 1(а) тармағына сәйкес Конвенцияның I қосымшасындағы кез келген қалдық жатады, егер де олардың III қосымшасындағы сыйпаттары болмаса. Конвенцияның VIII и IX қосымшалары әрі қарай қалдықтар «қауіпті» не олай емес екенін анықтайды.

**Экспорттауды шектеу:** жергілікті заңнама немесе саясатпен көрсетілген қауіпті қалдықтарды экспортталуын кезкелген шектелуі.

**Импорртауды шектеу:** Кезкелген мақсатта қауіпті қалдықтарды енгізуге тиым салу мен шектеу.

**Транзитеуді шектеу:** Қауіпті қалдықтарды бір елден екінші елге сіздің еліңіздің ішімен транзиттеуге кез келген салынған шектеу.

**Тіл:** импорт/транзитті түсіндіретін, хабарлау және тасымалдау жөнінде құжаттарды рәсімдейтін қолайлы тіл.

**Бекітілген шекаралық бақылау:** қауіпті қалдықтарды тасымалдау басталатын шекаралық пункт.

**Техникалық көмек:** техникалық ақпараттық көмек бере алатын ұлттық мекеме, мысалы Сауда палатасы, университеттер.

**Индекс Y:** Конвенцияның I және II қосымшасында көрсетілген қалдықтар категориясына қатысты.

БҰҰ классификациясы: Біріккен Ұлттар Ұйымының қауіпті қалдықтарды тасымалдаудағы (ST/SG/AC.10/1Rev.5, ООН, Нью-Йорк, 1988).ұсыныстарына сәйкес қалдықтар классификациясы.

Н зиянды категория коды: I қосымшаға енгізілген, қалдықтардың қауіпті қасиеттері мен сыйпаттамаларын Конвенцияның III қосымшасы береді. H1-ден H13-ге дейін нөмірленген 13 сынаптағы қауіпті қалдықтар бар.

**D код:** Конвенцияның IV қосымшасына енгізілген, қайта қалыпқа келтіруге, қайта өңдеуге, қайта ұқсатуға, ресурсты қайта тікелей пайдалануға болмайтын қалдықтарды жою әдістері.

**R код:** IV қосымшасына енгізілген, қайта қалыпқа келтіруге, қайта өңдеуге, қайта ұқсатуға, ресурсты қайта тікелей пайдалануға болатын қалдықтарды жою әдістері.

**Хабарлама:** қауіпті қалдықтардың трансшекаралық тасымалдануына қатысты кезкелген деректерді құзыретті органға берілетін құжат. Хабарламада Конвенцияның VA Қосымшасында берілген барлық ақпарат көрсетілуі керек.

**Тасымалдау құжаты:** қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауда жою орнына дейін ілесіп баратын құжат. Кез келген тасымалдауға жауапты қалдықтың тасымалдануы туралы құжатқа қол қояды. Бұл құжат Конвенцияның VB Қосымшасында көрсетілген барлық ақпаратты қамтуы тиіс.

## **2 қосымша: Есептегі қалдықтардың түрі**

***Конвенцияның 1 бабына сәйкес трансшекаралық тасымалдауға келесі қалдықтар жатады:***

1. Осы Конвенцияның мақсатындағы «қауіпті қалдық» деп саналатын қалдықтар:

- 1.1 (а) бап: Конвенцияның I қосымшасына көрсетілген (Y1-Y45) кез келген категорияға жататын қалдықтар; егер де олар Конвенцияның III қосымшасындағы (H1-H13) сыйпатқа ие болмаса; Конвенцияның VIII и IX қосымшалары әрі қарай «қауіпті қалдықтарды» сыйпаттайды.

- 1.1 (б) бап: жоғарыда айтылған қалдықтардан басқа қалдықтар, экспортаушы, импорттаушы, транзиттеуші елдердің ұлттық заңнамасында қауіпті деп саналатын қалдықтар;

- 1.2 бап: II Қосымшада көрсетілген, Конвенция шеңберінде қауіпті деп саналатын кез келген категорияға жататын қалдықтар;

Базель Конвенциясы шеңберіне кірмейтін қалдықтар;

1. 1.3 бап: халықаралық бақылаудың басқа жүйелеріне енгізілген, радиоактивті болып саналатын қалдықтар;
2. 1.4 бап: орындалуы басқа халықаралық құжатпен реттелетін, су көлігімен тасымалдау кезінде жүргізілген операциялардан пайда болатын қалдықтар.

**3А Қосымша: Қауіпті қалдықтарды шығару немесе сақтауды лицензиялауға қажетті ақпарат:**

1. Берушінің аты –жөні;
2. Берушінің профилі;
  - а. Жұмыс сферасы;
  - б. Қауіпті қалдықтармен айналысатын техникалық мамандардың классификациясы;
  - в. Қауіпті қалдықтарды шығару мен сақтау объектілерінің жарамдылығын бағалау жөніндегі ақпарат;
3. Қауіпті қалдықтарды шығару үрдісінің сыйпаттамасы;
4. Шығарылатын қалдықтардың түрі мен көлемі;
5. Жиналатын қауіпті қалдықтардың сыйпаттамасы;
6. Сақтаумен айналасу бойынша толық ақпарат:
  - а. Сақтаудың себебі
  - б. сақталатын қалдықтың мөлшері
  - в. Сақтау түрі
  - г. Буу материалдарының типі
  - д. сақтау орны
  - е. сақтаудың ең үлкен кезеңі
  - ж. төтенше жағдай мен қауіпсіздендіру шаралары
7. Қауіпті қалдықтарды шығаруды қысқартудың мерзімдік жоспары
8. Қайта пайдалану мен рециркуляциялаудың нұсқалары
9. Жою әдістері
10. Көмілетін орынды орналастыру

Көзі: Замбияның Экологиялық Кеңесінің лицензиялауға ұсыныс жасау бланкісінен алынған.

**3Б Қосымша : қауіпті қалдықтарды тасымалдауды лицензиялау үшін қажетті ақпарат**

1. Берушінің аты-жөні

2. Тасымалдау әдісі
3. Көліктің жарамды бар түрлері
4. Тасымалданатын қалдықтар туралы толық ақпарат:
5. а. қауіпті қалдықтардың типтері мен мөлшері ;
- б. буу материалдарының типі.
5. Қауіпті қалдық көздері
6. Қауіпті қалдықтың апарылатын соңғы орны
7. Орын ауыстыру маршруты
8. Тасымалдау уақыты
9. Көлік құралы мен контейнерлердің типі
10. Сақтандыру сомасы
11. Тасымалдауда кезіндегі қауіпсіздік жөнінде толық ақпарат

Көзі: Замбияның Экологиялық Кеңесінің лицензиялауға ұсыныс жасау бланкісінен алынған.

**3В Қосымша алдын ала және қайта өңдеуді лицензиялау үшін қажетті ақпарат:**

1. Берушінің аты-жөні;
2. Қондырғының сыйпаттамасы:
  - а. шығымы
  - б. қызмет көрсету мерзімі
  - в. Орнықтыру жоспары және макеті
3. Нысанның тұрған орны
4. Қауіпті қалдық көзі
5. Алдын ала өңдеу мен қайта өңдеуде пайдаланылатын әдістер
6. Алдын ала өңдеу мен қайта өңдеуге жататын қалдықтардың көлемі мен типін бағалау
8. Өнімдер және /немесе қосымша өнімдер
9. Қоршаған ортаны ластандыруды мониторингтеу әдістері
10. Қалдықтарды соңғы көму орны
11. Сақтандыруды қайтару типі
12. Төтенше жағдайлар мен қауіпсіздік шаралары

Көзі: Замбияның Экологиялық Кеңесінің лицензиялауға ұсыныс жасау бланкісінен алынған.

**3Г Қосымша: Қауіпті қалдықтарды соңғы көму (жою) операциясын лицензиялау үшін қажетті ақпарат**

1. Берушінің аты –жөні
2. Қондырғының қойылатын орны (қойылуы)
  - а. шығымы
  - б. қызмет көрсететін мерзімі
  - в. Орналастыру жоспары мен макеті
3. Көму немесе қою орны
4. Көму әдістері
5. Көмуге жататын қалдықтардың типі мен мөлшері туралы толық ақпарат
6. Қоршаған ортаны мониторингтеуді іске асыру әдісі
7. Қалдықтарды соңғы көму орны
8. Сақтандыруды қайтару типі
9. Төтенше жағдайлар мен қауіпсіздік шаралары

Көзі: Замбияның Экологиялық Кеңесінің лицензиялауға ұсыныс жасау бланкісінен алынған.

**3Д қосымша : Қауіпті қалдықтарды экспорттауды лицензиялау үшін қажетті ақпарат**

1. Берушінің аты –жөні
2. Экспорттау себебі
3. Экспорттаушының аты
4. Қауіпті қалдықтарды шығарушы және шығару орны
5. Көмуші оператордың атауы, орны/ қондырғы, нақты көмілетін орны
6. Жобаланған тасымалдаушы немесе олардың агенттері
7. Қалдықты экспорттаушы ел
8. Экспорттаушы елдің органымен бекітілуі
9. Транзит баратын жобаланған ел
10. Транзителінетін елдің органымен бекітілуі
11. Қауіпті қалдықты импорттаушы ел
12. Импорттаушы елдің органымен бекітілуі
13. Жобаланған маршрут бойынша тасымалдану күні, мезгілі
14. Тасымалдау әдісі

15. Сақтандыруды қайтару типі

16. Қалдықтардың сыйпайттамасы мен атқаратын міндеті

а. Ү нөмірі

б. UN нөмірі

в. Құрамы

г. Арнайы айналасуға қойылатын талаптар туралы ақпарат

17. Буу типі

18. Қауіпті қалдықтарға салмағы мен көлемін бағалау және типі

19. Қауіпті қалдықтар алынған үрдістер:

20. Қауіптілік сыйпаттамасы

а. H нөмірі

б. UN класс

21. Көму әдісі

Қауіпті қалдықтарды экологиялық қауіпсіз жолмен жою жөнінде оператордың мүмкіндігін нақтылау.

Көзі: Замбияның Экологиялық Кеңесінің лицензиялауға ұсыныс жасау бланкісінен алынған.

#### **4 қосымш: Қалдықтардың ақпараттық жүйесіне енгізілетін ақпарат**

а. қауіпті қалдықтардың нысаны «көмуге арналған полигондар, транзитті станцалар, материалдарды қайта қалпына келтіретін нысандар, өңдеудің , қайта өңдеудің орындары,и жабық полигондар)

б. Үрдістер

в. Полигондар орны

г. Әр қондырғы үшін келесі ақпарат қажет:

- Орналастыру,

- йесі,

- оператор,

- қондырғы түрі,

- құқықтық және оперативтік статусы,

- шығарылатын, өңделетін, қайта өңделетін, жойылатын қалдықтардың жалпы көлемі.

- Жалпы және қауіпті қалдықтарға бөлу,

- Рұқсатталған қалдықтар түрі,

- Жергілікті құқық қорғаушы орган,



- Инспекторлаушы мен құқық қорғау орындарының жазбалары;
- д. меншіктілік жұмысының /қондырғы операторының сыйпаттамасы, қондырғылардың статусы және олардың күйілері ;
- е. ақпарат сапасын тексеру мен бақылау;
- ж. ақпаратты тарату және деректерді өңдеу.

**Қосымша 5: Қалдықтарды шығару/сақтау/тасымалдау/өңдеу/жою (көму) жөніндегі алты айлық есеп**

қауіпті қалдықтар түрі	сыйпаттамасы	саны						%
		(тонны/кг/л) айла						
пайдаланылған май								
медициналық қалдықтар								
ПХБ								
асбест қалдығы								
құрамында ауыр металл бар қалдықтар								
күл								
құрамында алты валентті хром бар тері өңдейтін өндіріс қалдығы (Ағызылған су)								
қорғасын қышқылы								
аккумуляторлық батареялар								
органикалық қосылыстар бар қалдықтар								
<b>барлығы</b>								
қалдықтарды өңдеу/жою әдістері								
жоятын/өңдейтін қондырғының тұрған орны								
қалдықтардың шығуын азайтуға арналған өткізілген/жоспарланған шаралар (мысалы, қайта пайдалану, рециркуляция)								
қайта пайдаланылған /рециркуляцияланған қалдықтар								

*Көзі: Замбия Экологиялық Кеңесі есебінің формалары.*

## ҚОСЫМША D

### Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау және оларды жою жөніндегі Базель конвенциясының Хатшылығы

“Ақпарат беру” жөніндегі дайындалған сұраулық (Базель конвенциясының 13 және 16 баптарына сәйкес)

2009 ж. есебі.

Толтыруыңызды сұраймыз

Ел: аяқтау датасы (күн/ ай /жыл): -- / -- / ----

сұраулық толтырушының аты:

лауазымы:

мекен-жайы:

Телефон:

Факс:

E-mail:

*осы сауалнаманың электрондық нұсқасын толтыру үшін , толтырылған сұраулықтың қайтарылғанында және әрі қарай ақпарат және толықтыру үшін сұраңыз:*

Ms. Nalini Basavaraj

Secretariat of the Basel Convention

15, chemin des Anémones

1219 Châtelaine, Geneva

Switzerland

Tel: (41 22) 917 8383; Fax: (41 22) 797 3454

e-mail: nalini.basavaraj@unep.ch

сұраулықты толтырғаныңыз үшін алғыс айтамыз

## КІРІСПЕ

Базель конвенциясының тараптары , Конвенцияның 13 және 16 баптарына сәйкес Базель конвенциясының орындалуына қатысты сұрақтар бойынша бірін-бірі ақпараттап отыруы тиіс. Тараптардың есеп беруін қамтамасыз ету үшін Хатшылық «Ақпарат беру» сұраунамасын әзірледі. Әзірленген сұраунама 2 бөлімнен тұрады, атап айтқанда, I бөлім: ақпараттардың статусы; II бөлім жылсайынғы есеп.

I бөлім: ақпараттардың статусы: Тараптардың есеп беруін жеңілдету мақсатында сұраунаманың 2004 жылы арналған I бөлімі қазір және арғы уақытта да Хатшылықпен толтырылады (тараптардың 1999 жылы есеп беруі қамтамасыздандырылды және /немесе әрі қарай талап етілген формада).

Тараптар Хатшылықтан 2000 жылдың есебі үшін алдын ала толтырылған сұраунаманы алғанда, толтырылған ақпаратта олардың өткен жыл бойынша берген есептерінің дұрыстығы тексеруі керек. Сондықтан I бөлім негізінен берілетін ақпараттың өткен жылғы берілген ақпараттан өзгеріссіз қалатынын көрсетеді. Жаңарту тек алдыңғы есептік кезеңде берілген (қажетті түзетулер мен коррективтерді енгізе отырып) ақпаратта өзгерістер болса ғана талап етіледі.

Бұл жағдайда жаңартудың қажеті жоқ екенін көрсету керек, өйткені өткен кезеңде берілген ақпарат қолданыста қалады да, қажетті өзгерістер жоқ.

Бір жағынан, егер жаңарту қажет болса, тиісті өзгертулермен жаңартылуы керек.

I бөлім: 1999 жылға немесе келесі жылдарға сұраунама ақпараты статусын тараптардың бәрі толтыруы тиіс. Бұл 2000 жыл және әрі қарай есеп беруге Хатшылықтан алдын-ала толтырылған сұраунаманы алу үшін қажет.

**I бөлім : Ақпарат статусы:** күзиретті органды және жауаптыны тағайындау; қалдықтың ұлттық анықтамасын беру; қауіпті және басқа қалдықтардың трансшекаралық орын ауыстыруы; қалдықтардың трансшекаралық өтуін бақылау; қауіпті және басқа қалдықтардың шығарылуын азайту; адам денсаулығы мен қоршаған ортаға тигізетін әсері; екіжақты, көпжақты немесе аумақтық келісімдер мен шарттар; көмек көздері мен құрылымдарды қайта қалпына келтіру мен орналастыру.

	<p align="center"><b><u>II Бөлім: Жылсайынғы есеп</u></b> есеп жылсайынғы негізде берілуі тиісті сұрақтарды қамтиды. Деректерді/ақпаратты өңдеуде электрондық есептің ыңғайлылығы. II Бөлім: Жылсайынғы есеп 2 секцияға бөлінген, атап айтқанда Секция А және Секция В.</p> <p><b><u>II Бөлім: Секция А</u></b> қауіпті және басқа қалдықтарды экспорт/ импорты және оның райда болуы сияқты сұрақтарды қамтиды.</p> <p><b><u>II Бөлім: Секция В</u></b> қауіпті қалдықтардың орын ауыстыруы мен трансшекаралық қозғалысы кезінде жоспарланбаған жою мен инциденттер туралы сұрақтарды қамтиды.</p> <p align="center">Сұраунаманы толтырудағы кейбір негізгі ережелер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сұраунаманы ағылшын тілінде толтыру.</li> <li>- Барлық көлемдер кубтық тоннамен беріледі.</li> <li>- Сұраунама ақпарат/деректерді талап етілген формада беру.</li> <li>- Мүмкін болса, толтырылған сұраунаманың электрондық нұсқасын немесе оқуға ыңғайлы болу үшін басылған немесе әріптердің таспасымен жазу.</li> </ul>
	<p align="center">Басшылықтың жете жасалған нұсқауларға сілтеуге болады. Басшылық ББҰ 6 тілінде берілген (араб, қытай, ағылшын, француз, орыс, испан)</p>
	<p align="center">Басшылық пен сұраунама қағаз бетінде, сондай-ақ электрондық түрде қол жетімді (I Бөлім мен II Бөлім; сұраунаманың В Секциясы Word бағдарламасында; II Бөлім: А Секциясы Excel бағдарламасында. Басшылығы Word бағдарламасында.</p>

**БӨЛІМ I: АҚПАРАТ СТАТУСЫ (2009 жылға)**

<b>а</b>	<p><i>Құзіретті орган және фокал пойнт</i></p> <p><b>Базельконвенциясы бойынша құзіретті орган анықталған ба?</b></p> <p align="center"> <b>Иә [x]</b>      <b>Жоқ [ ]</b>      <b>өзірлеу үрдісінде [ ]</b> </p>
----------	---

**Егер «иә», хабарлаңыз:**

**Атауы :Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау Министрлігі**

**Мекен-жайы:** 010000, Астана, Орынбор, 8, Солжағалау, Министрліктер Үйі

Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің

Құқықтық қамтамасыздандыру және халықаралық ынтымақтастық Департаменті и

**Тел: 74-00-65**

**Факс: 74-00-58**

**Е-mail:**

Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің

экологиялық реттеу және бақылау комитеті

**b**

**Тел: 74-00-94**

**Факс: 74-08-22**

**Е-mail:**

**Ресми Web site, егер бар болса:**

**ЕСКЕРТУ:** егер бірден артық құзіретті орган бар болса, *онда ақпаратты әр құзіретті орган бойынша беріңіз, рның аймағын, жұмысы туралы, қандай міндеттердің жүктелгені турал. Қажет болса Қосымша кеңістікті пайдаланыңыз/қосымша/.*

**фокал пойнт Базель конвенциясы бойынша фокал пойнт анықталған ба?**

Иә[x]

Жоқ [ ]

әзірлеу үрдісінде [ ]

**Егер «иә», хабарлаңыз:**

**лауазымы : Вице-министр Садкуқасова Эльдана Мақынқызы**

**Атауы :Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау Министрлігі**

**Мекен-жайы:** 010000, Астана, Орынбор, 8, Солжағалау, Министрліктер Үйі

**Тел: 74-00-94**

**Факс: 74-08-22**

**Е-mail:**

**2а Трансшекаралық тасымалдау мақсатында бақыланатын қалдықтар**

**Траншекаралық тасымалдау мақсатында пайдаланылатын қалдықтардың ұлттық анықтапмасы бар ма**

Иә[x]

Жоқ [ ]

әзірлеу үрдісінде [ ]

Жаңартуды талап етпейді. Қазқстан Республикасы заңдылығындағы қалдықтардың анықтамасы түгелдей Базель конвенциясында қабылданған анықтамамен келісілген және қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау мен бақылау мақсаттарына жауап береді.

**Ескерту:**

2007 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі қоланысқа енгізілген, онымен ұлттық деңгейде, сондай-ақ трансұлттар деңгейінде қалдықтарды шығару, пайдалану сұрақтарын ретеледі.

Экологиялық көдексте қалдықтарды шығару мен пайдаланумен айналасуда жалпы талаптар қойылған.

Егер «иә», онда қалдықтардың ұлттық анықтамасының мәтінін беріңіз.

ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес : **қалдықтарды шығару мен пайдалану (қалдықтар)**

–

**шикізат, материалдар, басқа бұйымдар мен өнімдер қалдығы, олар шығару үрдісінде, пайдалануда пайда болған , сондай-ақ, өздерінің сұраныс қасиеттерін жойған тауарлар (өнімдер).**

**б**

**Траншекаралық тасымалдау мақсатында пайдаланылатын қалдықтардың ұлттық анықтамасы бар ма?**

иә [x]

жоқ [ ] дайындау үрдісінде [ ]

Жаңартудың қажеттілігі жоқ. Біздің заңнамадағы қалдықтардың анықтамасының Базель Конвенциясының берген анықтамасынан айырмашылығы бар.

Базель Конвенциясының 1 бабына сәйкес қауіпті қалдықтар алдымен, трансшекаралық тасымалданатын немесе трансшекаралық тасымалдауға жататын

қалдықтар болып саналады.

**Егер де, «иә» деген жауап болса, онда қауіпті қалдықтардың ұлттық анықтамасы мәтінінің беріңіз (қосымша кеңістікті пайдалана отырып/қажеттілігіне қарай қосымшалар):**

Экологиялық кодекске сәйкес, «Қауіпті қалдықтар - құрамында қауіпті қасиеттері (уыттылығы, жарылыс қаупі, радиоактивтілігі, өрт қаупі, жоғары реакциялық қабілеті) бар зиянды заттар болатын, дербес немесе басқа заттармен байланысқа түскен кезде қоршаған ортаға және адам денсаулығына тікелей немесе ықтимал қауіп төндіретін қалдықтар».

**Ескерту:** Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес, қауіпті қалдықтар қауіптілік түрі бойынша келесі топтарға жатқызылады:

- жарылғыш және жеңіл тұтанатын заттар;
- қышқылданатын заттар;
- уытты заттар;
- жұқтырушы заттар;
- радиоактивті заттар;
- зәрлі және коррозиялық заттар;
- физика-химиялық немесе биохимиялық желдену өнімдерінің қауіпті заттары мен материалдары.

Қауіпті қалдықтарды тасымалдау, кәдеге жарату, сақтау және көму мақсатында олардың қауіптілігінің 3 деңгейі белгіленеді:

- 1) Жасыл - G индексі;
- 2) Янтарь түсті - A индексі;
- 3) Қызыл - R индексі.

Қалдықтарға код белгілегенде қалдықтар пайда болатын сала, жинау (көму) тәсілі, кәдеге жарату немесе регенерация тәсілі, ықтимал қауіпті құрамдас элементтері, қауіптілік түрі, объектілерінде қалдықтар пайда болатын экономика салалары ескеріледі.

Технологиялар өзгерген кезде немесе өзге шикізат ресурстарына көшкен кезде, сондай-ақ қалдықтардың қауіпті қасиеттері өзгеруі мүмкін басқа да жағдайларда қалдықтардың қауіптілік деңгейін айқындау мен код белгілеу жүргізіледі.

Қалдықтардың химиялық құрамын анықтау және қалдықты белгілі бір код белгілеуге жатқызу сертификацияланған зертханасы бар болған жағдайда кәсіпорынмен

дербес жүргізіледі немесе табиғатты қорғауды жобалауға, нормалауға лицензиясы және экологиялық аудиті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, аккредиттелген немесе аттестацияланған зертханасы бар жеке және заңды тұлғалармен жүзеге асырылады.

**Сіздің мемлекетіңіз, Базель конвенциясының 1(1)а-бабына енгізілмеген кез келген қосымша қалдықтарды қауіпті түрінде реттей ме/бақылауға ала ма және (1)б-бабына сәйкес, трансшекаралық қозғалу үшін бақылай ма?**

иә [x]                      жоқ [ ]                      Дайындау үдерісінде [ ]

**Егер де, «иә» деген жауап болса, онда ол қалдықтарды нақтылаңызшы (қосымша кеңістікті пайдалана отырып/қажеттілігіне қарай қосымшалар):**

Негіздеме қажет етілмейді. Қазақстан – мұнайдың, табиғи газдың, көмірдің, темір рудасының, никелдің, кобальттың, мыстың, молибденнің, қорғаныстың, цинктің, бокситтің, алтын мен уранның қомақты ресурстарына ие. Қазақстанның өнеркәсіп саласы осы табиғи байлықты алуға және оны өңдеуге және сонымен қатарқұрылыс жабдықтарын, тау-шахта құралдарын мамандандырылған машина және ауыл шаруашылық құралдарын жасау саласының жедел дамуына бейімделген. Жылу энергетикасын қоса есептегенде, осы көрсетілген салалардың әрқайсысы қалдықтардың көп көлеміннің көзі болып табылады.

Ластандыру үдерісі, әсіресе ағын суларды тазалаудың қолданыстағы құралдары, сондай-ақ қатты тұрмыстық қалдықтардың мәселелері толық көлемде шешілмеген қалалық және индустриалдық орталықтардың маңында өте маңыздылыққа ие болған.

Қазақстан ауа ластануға, шөлденуге және су ортасының ластануына да шалдыққан.

Сонымен қатар, уран кен орнының пайдаланылған және пайдаланылып жатқан орындарына, сондай-ақ Шығыс Қазақстандағы жүргізілген ядролық сынақтарға байланысты радиобелсенді қалдықтардың да проблемасы өзекті.

Қазақстан аумағында нақтылы саны анықталмаған ескірген пестицидтер мен ауыл шаруашылық улыхимикаттардың жинақталған қорларымен де проблема бар.

Өнеркәсіп қалдықтарының барынша көп бөлігі тарихи, яғни өткен мың жылдықта жинақталған. Қазақстанда қалдықтармен жұмыс атқару мәселесі соңғы жылдары ғана заңнамалық шешімін тапты. Осыған байланысты, қайсысы реттелетіндігін нақтылаумен қатар, барлық өнеркәсіптік қалдықтарға түгендеме жүргізу және



төлқұжаттандыру қажеттілігі туындады.

**d** Траншекаралық қозғалыс кезінде талап етілетін 2b and 2c мәселелерінде көрсетілгеннен өзгеше қандай да бір қалдықтар бар ма?

иә [ ]      жоқ [x]      дайындау үдерісінде [ ]

**Қауіпті қалдықтарды және басқа да қалдықтарды траншекаралық қозғалыс бойынша шектеу**

**a** Сіздің елде Базель конвенциясына (III/1 шешімі) түзетулер қолданыла ма?

Осы түзету бойынша Конвенцияның қосымшасында басқа елдерге ауыстырылған мемлекеттерден қауіпті қалдықтарды шығару үшін негізделген кез келген экспортқа тыйым салынады.

иә [x]      жоқ [ ]      дайындау үдерісінде [ ]

**Ескерту:** Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес, Қауіпті қалдықтарды траншекаралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясының тараптары - мемлекеттерге және өздерінің заңнамасы шеңберінде қауіпті қалдықтар импортына тыйым салған дамушы елдерге не осы қалдықтарды пайдалану экологиялық негізделген түрде жүзеге асырылмайды деп ойлауға негіз болса, сондай-ақ оңтүстік ендіктің 60 градусынан оңтүстікке қарай орналасқан аудандарға қауіпті қалдықтарды экспорттауға тыйым салынады.

**b** Сіздің елде соңғы жою үшін (IV A қосымша) қауіпті қалдықтарды және басқа да қалдықтарды экспорттау бойынша қандай да бір шектеу қолданыла ма?

Иә [ иә ]      жоқ [ ]      Дайындау үдерісінде [ ]

Егер де, «иә» жауабы болса, онда келесіні хабарлаңыз:

**Тиісті заңды және оның күшіне енуі жөнінде баяндаңыз:**

**i)** **Жанарту талап етілмейді.** Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, 2007 жыл.

«Қалпына келтірілетін қағаздың, картонның, макулатураның және қалдықтардың әкетілуіне тыйым салуды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2004 жылғы 27 тамыздағы № 908 қаулысы (13.01.2006 ж. жағдай бойынша өзгерістерімен). Осы құжатқа сәйкес, отандық тауар өндірушілерге қолдау көрсету, бәсекеге қабілетті өнімді шығару және дайын өнімді ынталандыру есебінен ішкі өндіріс көлемін арттыру мақсатында, Қазақстан Республикасының аумағынан қалпына келтірілетін қағазды, картонды, макулатура мен қалдықтарды шығаруға тыйым салынған (ТН ВЭД ЕурАзЭС 4707 коды).

**Бұл шектеулер тарайтын елді/өңірді және/немесе қалдықты көрсетіңіз:**

ii)

Базель конвенциясында көрсетілген барлық елдер.

**Ескерту:**

iii)

**Ескерту:** Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес, Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясының тараптары - мемлекеттерге және өздерінің заңнамасы шеңберінде қауіпті қалдықтар импортына тыйым салған дамушы елдерге не осы қалдықтарды пайдалану экологиялық негізделген түрде жүзеге асырылмайды деп ойлауға негіз болса, сондай-ақ оңтүстік ендіктің 60 градусынан оңтүстікке қарай орналасқан аудандарға қауіпті қалдықтарды экспорттауға тыйым салынады.

Кодекспен мүмкін болатын рекуперацияға, рециркуляциялауға, жоюға, қалдықтарды тікелей қайталамалы немесе баламалы пайдалануға апармайтын жою жөніндегі талаптар нормаланған және олар Ұлттық баяндама Нұсқаулығының ІҮ А қосымшасындағы тараудың талаптарына жауап береді.

Атап айтқанда, Экологиялық кодекс нормаларына сәйкес, қауіпті қалдықтарды сақтау және көму орындары экологиялық қауіпті объектілер болып табылады. Қалдықтарды сақтау кейіннен кәдеге жарату, өңдеу немесе түпкілікті көму мақсатында әрбір қалдық түрлері үшін белгіленген кезеңге арнайы жабдықталған жерлерде (алаңдарда, көмбелерде, қоймаларда) жүргізіледі. Қалдықтарды алып қою ниетінсіз оларды тұрақты орналастыратын орын қалдықтарды көму орны болып табылады. Қалдықтарды көму арнайы жабдықталған полигондарда жүргізіледі. Қалдықтарды кейіннен орнын ауыстыру ықтималдығына және (немесе) олардың қоршаған ортаға әсеріне тұрақты мониторинг жүргізу қажеттігіне байланысты тұрақты орналастыратын орын олардың ұзақ мерзімді сақтау орны болып табылады. Полигондарға белгіленген экологиялық талаптар қалдықтарды ұзақ мерзімді сақтау қоймаларына қойылады, бұл ретте оларды алып қоюдың,

тасымалдаудың, кейіннен кәдеге жаратудың немесе түпкілікті көмудің техникалық мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіс.

Қалдықтарды орналастыру полигондарының үш түрі қарастырылған, олар мынадай сыныптардың біріне жатқызылуға тиіс:

- 1) 1-сынып - қауіпті қалдықтарды орналастыруға арналған полигон;
- 2) 2-сынып - қауіпті емес қалдықтарды орналастыруға арналған полигон;
- 3) 3-сынып - инертті қалдықтарды орналастыруға арналған полигон.

Инертті қалдықтарға ғана алдын ала өңдеусіз көму қолданылуы мүмкін. Қауіпті қалдықтарға залалсыздандыру, қалыпты жағдайға келтіру және қалдықтардың қауіпті қасиеттерін төмендететін басқа да әсер ету тәсілдері қолданылуға тиіс.

Қауіпті қалдықтарды қауіпті емес және инертті қалдықтардың полигондарына орналастыруға тыйым салынады.

Қалдықтарды кездейсоқ қоқыстарда бақылаусыз орналастыруға тыйым салынады.

Полигондарда мынадай қалдықтарды көму үшін қабылдауға тыйым салынады:

- 1) сұйық қалдықтар;
- 2) полигон жағдайында жарылатын, коррозиялы, қышқылданатын, өрт қаупі жоғары немесе өрт қаупі бар қауіпті қалдықтар;
- 3) сумен реакцияға түсетін қалдықтар;
- 4) медициналық немесе ветеринариялық мекемелердің жұқпалы болып табылатын қалдықтары;
- 5) рекультивациялау кезінде қалыптастырушы материал ретінде қолданылуын қоспағанда, пайдаланылған тұтас шиналар;
- 6) жойылмайтын органикалық ластаушыларды қамтитын қалдықтар;
- 7) пестицидтер;
- 8) қабылдау критерийлерін қанағаттандырмайтын қалдықтар.

Тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарында мынадай өнеркәсіптік қатты және шлам тектес қалдықтарды орналастыруға тыйым салынады:

- 1) хлор өндіру жөніндегі химия өнеркәсібінің қалдықтары:  
синтетикалық каучук, хлор, каустика өндірісінің құрамында сынап пен оның қосындылары бар графитті шламы;
- метанол, оргшыны өндірісінің құрамында метанол бар қалдықтары;
- монохлорсірке қышқылының құрамында гексахлоран, метанол, трихлорбензол бар тұздар өндірісінің шламдары;

ДДТ, уротропин, цинеб, мыстың үш хлорфеноляты, тиурам-Д тасымалы үшін пайдаланылған қағаз қапшықтар;

мыстың үш хлорфеноляты өндірісінің құрамында үш хлорфенол бар шламдары; пластополимерлер өндірісінің құрамында бензол мен дихлорэтан бар пайдаланылған катализаторлары;

құрамында хлоропрен бар коагулюм және омега полимерлері; үшхлорбензол қалдықтары, тыңайтқыштар өндірісінің құрамында гексахлоран, үшхлорбензол бар қалдықтары;

2) хром қосындыларын өндіру жөніндегі химия өнеркәсібінің қалдықтары: натрий монохроматы және хлорлы натрий өндірісінің шламы, калий биохроматы өндірісінің құрамында алты валентті хром бар қалдықтары;

3) сода өндіру жөніндегі өнеркәсіптің құрамында мырышы бар мырыш күйігі қалдықтары;

4) жасанды талшық өндірісінің қалдықтары: құрамында диметилтерефталат, терефтал қышқылы, мырыш, мыс бар шламдар; капролактамы сүзуден қалған, құрамында капролактамы бар қалдықтар; метанолиз қондырғысының құрамында метанол бар қалдықтары;

5) сырбояу өнеркәсібінің қалдықтары: сыр мен эмаль қабықтары, құрал-жабдықтарды тазалау кезіндегі құрамында мырыш, хром, ерітінділер, тотықтырғыш майлар бар қалдықтар; құрамында мырыш пен магний бар шламдар;

6) химиялық-фотография өнеркәсібінің қалдықтары: гипосульфит пен сусыз сульфит өндірісінің құрамында фенол бар қалдықтары; магниттік сырдың, коллодийдің, бояулардың құрамында бутиллацетат, толуол, дихлорэтан, метанол бар қалдықтары;

7) пластмасса өндірісінің құрамында фенол бар қалдықтары;

8) азот өнеркәсібінің қалдықтары: коксты газды тазалау қондырғысынан алынған шлам (шайырлар) және синтез бен компрессия цехының құрамында канцерогенді заттар бар пайдаланылған майлары; моноэтаноламинді айдаудан қалған, құрамында моноэтаноламин бар текшелі қалдық

9) мұнай өңдеу және мұнай химиясы өнеркәсібінің қалдықтары: майларды, парафинді тазалаудан қалған, құрамында хром мен кобальт бар

алюмосиликатты адсорбент;

құрамында отыз проценттен астам күкіртті қышқыл бар қышқыл гудрондар;  
кокс алудың және жартылай коксты газдандырудың құрамында фенол бар  
фустары мен фусты-шайырлы қалдықтары;

құрамында хром бар пайдаланылған катализаторлар;

құрамында майлар бар пайдаланылған саз;

алкилфенолды құю қондырғыларынан алынған сүзу процесінің құрамында  
мырыш бар қалдықтары;

10) машина жасау қалдықтары:

құрамында хром бар төгінділердің хромды шөгіндісі;

құрамында циан бар төгінділердің цианды шөгіндісі;

органикалық байластырғыштағы құрамында хром бар стерженьді қоспалар;

вакуумды сүзгілерден, гальвандық цехтарды ыдырату станцияларынан кейінгі  
құрамында мырыш, хром, никель, кадмий, қорғасын, мыс, хлорофос, тиокол бар шөгінді;

11) медицина өнеркәсібінің қалдықтары:

синтомицин өндірісінің құрамында бром, дихлорэтан, метанол бар қалдықтары;

байыту қалдықтары мен құрамында ауыр металдардың тұздары бар шламдар.

Экологиялық кодекспен радиобелсенді қалдықтарды сақтау және (немесе) көму талаптар қарастырылған, яғни радобелсенді қалдықтарды сақтау және (немесе) көму, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазанстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілетін мемлекеттік экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық сараптамаға тиісті. Жобалау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген құрылыс нормалары мен ережелеріне орай жүзеге асырылады.

Уранды және уранды емес тау-кен және өңдеуші кәсіпорындардың активтілігі төмен қалдықтары үшін радиоактивті қалдықтарды аэрация аймағынан төмен және сорбцион-сыйымдылық қасиеттері неғұрлым жоғары (радионуклидтердің пункттен тыс таралу ықтималдығын болдырмайтын) басқа тау жыныстары арасында орналастыра отырып, бұрын қазып өтілген тау-кен қазбалары пайдаланылуы мүмкін.

Уранды және уранды емес тау-кен және өңдеуші кәсіпорындардың активтілігі орташа қалдықтары үшін де саздан, цеолиттен және радионуклидті сорбциондайтын басқа материалдардан жасалған техникалық кедергілерді қосымша орната отырып, бұрын қазып өтілген тау-кен қазбалары пайдаланылуы мүмкін.

Су өткізбейтін жыныстардан немесе басқа материалдардан жасалған табиғи

немесе жасанды төсеніш болған кезде рельефтегі табиғи ойпауыттар активтілігі төмен қатты және сұйық радиоактивті қалдықтарды ұзақ мерзімге орналастыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

Сұйық қалдықтарды көмуге тыйым салынады. Сұйық қалдықтар қоршаған ортадағы болбыр тау жыныстардың ылғалдылығына дейін сорғытылуға немесе қатайтылуға тиіс.

Су өткізбейтін жыныстардан немесе басқа материалдардан жасалған табиғи немесе жасанды төсеніш болған кезде рельефтегі табиғи ойпауыттар активтілігі төмен қатты және сұйық радиоактивті қалдықтарды ұзақ мерзімге орналастыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

Шаруашылық жүргізу және басқа да қызметте қолданылатын минералдық тыңайтқыштарды және басқа да препараттарды, өсімдікті қорғау құралдарын тасымалдау, сақтау және қолдану, жеке және заңды тұлғалар жаңа препараттарды құру барысында көрсетілген препараттарды тасымалдау, сақтау және қолдану ережелерін сақтауға және жануарлардың ауруы мен өліміне жол бермеуді қамтамасыз ету шараларын жүзеге асыруға міндетті.

Минералдық тыңайтқыштарда және басқа да препараттарда әлеуетті қауіпті химиялық және биологиялық заттар бар болған жағдайда, өкілетті мемлекеттік органдар өз құзыреттілігінің аясында токсикологиялық зерттеулер жүргізеді және соның нәтижесі бойынша осы минералдық тыңайтқыштар мен басқа да препараттар бойынша экологиялық норматив тағайындалады.

Жер қойнауын пайдалану барысында пирофорлық шөгінділерді, қақты және кернді көмуге тыйым салынады, өрттену мүмкіншілігін және адамдардың улануын болдырмау мақсатында, жоба бойынша жүргізілуі тиіс және қоршаған ортаны қорғау саласындағы өкілетті органмен, өрт қауіпсіздігі қызметімен, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық органмен, жергілікті атқарушы органмен келісу қажет.

Жер қойнауын пайдалану қалдықтарын жер беті су объектілеріне, сондай-ақ радиоактивті заттары бар сіңіретін ұңғымалар мен өңделген су құдықтарына шығаруға тыйым салынады.

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағы шегінде, ластанбаған немесе тазартылған сарқынды сулардың шектеулі тізбесін, оның ішінде салқындату және өрт сөндіру жүйесіндегі сулар мен қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың, сондай-ақ

халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның рұқсаты бойынша ағызылатын балластық суларды қоспағанда, сарқынды суларды ағызуға және қалдықтарды тастауға тыйым салынады. Судың бақылау жақтауы шегінен тыс ағызылуы нәтижесіндегі температурасы соңғы он жыл ішіндегі ағызу кезеңіндегі орташа айлық су температурасымен салыстырғанда бес градустан жоғары аспауға тиіс.

Бұрғылау қалдықтарын оларды залалсыздандыру жөніндегі алдын ала операцияларсыз жер қойнауына айдауға тыйым салынады және ол мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен жобаға сәйкес жүзеге асырылады.

Айналымға тартылмайтын және жер қойнауына айдалмайтын бұрғылау қалдықтарын (шламдар мен қоспаларды) залалсыздандыру мен сақтау жөніндегі барлық операциялар Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағынан тысқары жерде, арнайы полигонда жүзеге асырылуға тиіс. Аталған операциялар полигон құрылысының бұрғылау жұмыстары басталар кезге қарай аяқталуын қамтамасыз етуге және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша жүзеге асырылуға тиіс.

Бұрғылау платформасы (баржа) және оған қызмет ететін кемелер сарқынды суларды тазарту мен залалсыздандыруға немесе сарқынды суларды жинауға, сақтауға және кейін арнаулы кемелерге немесе жағалаудағы қабылдау құрылғыларына беруге арналған қондырғылармен жабдықталуға тиіс. Қоқысты жинау немесе өңдеу (ұнтақтау немесе сығымдау) үшін тиісті құрылғылар көзделуге не қоқысты жағуға арналған қондырғы көзделуге тиіс.

**Сіздің елде қайтарымдау (IV B қосымшасы) үшін қауіпті қалдықтарды және басқа да қалдықтарды экспорттау бойынша қандай да бір шектеу бар ма?**

**Иә** [x]      **жоқ** [ ]      Дайындау үдерісінде [ ]

**Егер де, «иә» деген жауап болса, онда келесіні хабарлаңыз:**

**i) Тиісті заңды және оның күшіне енуін көрсетіңіз:**

**Жаңартылу қажет етілмейді.**

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, 2007 жыл.

Қазақстан Республикасының Кеден кодексі (05.07.2008 ж. жағдай бойынша)

өзгерістерімен және толықтыруларымен)

«Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 23 сәуірдегі № 219-І Заңы (ҚР Заңына 29.12.06ж. енгізілген өзгерістерімен)

«Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі № 156-ХІІІ Заңы (29.12.2006 ж. жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен)

«Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, 2009 ж

**Бұл шектеулер тарайтын елді/өңірді және/немесе қалдықты көрсетіңіз:**

ii)

Базель конвенциясында көрсетілген барлық елдер.

d

**Сіздің елде соңғы жою үшін (IV А қосымшасы) қауіпті қалдықтарды және басқа да қалдықтарды импорттау бойынша қандай да бір шектеу бар ма?**

**Иә** [ иә]                      **жоқ** [ ]                      Дайындау үдерісінде [ ]

**Егер де, «иә» деген жауап болса, онда келесіні хабарлаңыз:**

**Тиісті заңды және оның күшіне енуін көрсетіңіз:**

i)

**Жаңартылу қажет етілмейді.**

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, 2007 жыл.

Қазақстан Республикасының Кеден кодексі (05.07.2008 ж. жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен)

«Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 23 сәуірдегі № 219-І Заңы (ҚР Заңына 29.12.06ж. енгізілген өзгерістерімен)

«Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі № 156-ХІІІ Заңы (29.12.2006 ж. жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен)

«Қалдықтарды әкелу, шығару және транзиттау ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 11 шілдедегі № 594 қаулысы.

